Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

14 ҚАҢТАР СЕНБІ 2017 ЖЫЛ №6-7 (19292-19293) ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ www.syrboyi.kz

ПРЕЗИДЕНТ

Марат Тәжин Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалды.

«Марат Мұханбетқазыұлы Тәжин Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалсын, ол Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметінен босатылсын»,- делінген Жарлық мәтінінде.

ЕЛБАСЫ ЕРБОЛАТ ДОСАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Кездесу барысында Мемлекет басшысына холдингтің 2016 жылғы қызметінің қорытындысы жөніндегі есебі және одан әрі даму жоспары ұсынылды.

Е.Досаев өз сөзінде акционерлік қоғамның активі 4 трлн 100 млрд теңгеден асып, таза табысы 30 млрд теңгені құрап отырғанын айтты. Сондай-ақ, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Мемлекет басшысын «Қазақстанның даму банкі» акционерлік қоғамының жұмысы жайлы және еліміздегі экономикалық ахуал мен Ұлттық банктің жаңа монетарлық саясатын ескере отырып, холдингтің стратегиялық дамуына өзгерістер енгізуге арналған жоспарлары жөнінде хабардар етті.

Қазақстан Президенті холдингтің еліміздің экономикасы үшін маңызы зор жобаларды іске асыру барысындағы рөлін атап өтті.

– Холдингтің алдына әуел бастан ірі жобаларды несиелеу жөнінде міндет қойылған. Алайда, экономикалық дағдарыс жағдайында «Бәйтерекке» көптеген түрлі қосымша тапсырмалар берілді. Осыған байланысты қазір оның бұдан арғы қызметінің стратегиялық перспективаларын айқындау қажет, – деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев кездесу қорытындысы бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

ҮКІМЕТ

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ САРАПТАМА КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Отырыс барысында банк жүйесі және экономиканың маңызды секторларының бәсекеге қабілеттілігін қалпына келтірудің өзекті мәселелері талқыланды.

Сарапшылар алдын ала ағымдағы жағдайға талдау жасап, аталған бағыттар бойынша бірқатар ұсыныстар берген.

Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев тиісті мемлекеттік органдарға сарапшылармен бірлесіп алға қойылған мәселелерді тереңінен зерттеп, келесі отырыста соған байланысты өз ұсыныстарын беру туралы тапсырма берді. Еске сала кетейік, Экономика жөніндегі сараптама кеңесі ҚР Премьер-министрінің өкімімен құрылған және оның алғашқы отырысы 2016 жылғы 9 желтоқсанда өткізілді.

ИОРДАНИЯ КОРОЛІ "ЭКСПО-2017" КӨРМЕСІНЕ КЕЛЕДІ

Сәрсенбі күні «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясының Басқарма басшысы Ахметжан Есімов «ЭКСПО-2017» көрмесіндегі Иорданияның ұлттық секциясының Комиссары Мұхаллад Әл Омари және Иорданияның ҚР Төтенше және өкілетті елшісі Ахмед Идрис Инабпен кездесті.

Басқосу барысында екі жақ «ЭКСПО-2017» көрмесіне дайындық мәселелерін талқылады. А.Есімов қазіргі таңда халықаралық қатысушыларға павильондарды тапсыру жұмыстарының қарқынды жүргізіліп жатқандығын жеткізді. Нақты кезеңде 10 мемлекет өз павильондарын алып, тақырыпқа сәйкес мазмұндық толтыру жұмыстарына кірісті.

Өз кезегінде Мұхаллад Әл Омари Иордания Хашимиттік Корольдігіне ұсынылған павильон және Астанада өткізілетін көрмеде баламалы энергия көздері бойынша өз ұсынымдарын көрсетуге берілген мүмкіндік үшін алғысын білдірді.

– Бүгін біз Иордания павильонын көріп шықтық, Көрме ұйымдастырушыларының атқарған ауқымды жұмысы көрініп тұр. Біз жақын арада павильонды безендіру жұмыстарына кірісетін боламыз, – деді Иордания ұлттық секциясының комиссары.

Сондай-ақ, ҚР Иорданияның елшісі Ахмед Идрис Инабтың айтуынша, «ЭКСПО-2017» көрмесі өткізілу барысында Қазақстанға Иордания королі келіп, өз мемлекетінің ұлттық күнін атап өту шарасына қатысатын болады.

Кездесу соңында көрмеге қатысу келісімшарты мен павильон тапсыру құжаттарына қол қойылды.

Қазіргі таңда «ЭКСПО-2017» көрмесіне 112 мемлекет пен 18 халықаралық ұйым қатысатындығын растады.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ХҚКО ЖҰМЫС УАҚЫТЫН ҰЗАРТТЫ

Соңғы күндері көп талқыланған мәселенің бірі – азаматтарды міндетті түрде уақытша тіркеу нормасы болғаны белгілі. Бұл мәселенің қоғамда қызу талқыланып, мемлекеттік органдар тарапына бірқатар сын айтылуына түсініктікпен қарауға болады. Өкінішке қарай, кейбір қажетті шаралардың дер кезінде атқарылмауы көрініс тапты.

Әрине, Заң қабылданған соң, оның жүзеге асуы шарт. Ендігі жерде басты міндет – азаматтардың тіркеуден өтуіне барынша қолайлы жағдай жасау. Осы мақсатта ХҚКО-лар қызметкерлерінің жұмыс күні ұзарды. Бұған қоса, олар азаматтарды демалыс күндері де қабылдап жатыр. Әрине, аталған шара еңбек заңнамасы сақтала отырып, жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, операция залдарында көші-қон полициясы қызметкерлеріне арналған жұмыс орындары көбейтіліп, ХҚКО қызметкерлерінің ауысым графигіне өзгертулер енгізілді. Апта басынан бері азаматтарды жылжымайтын мүлкінің орналасқан орнына қарамастан, тіркеу мүмкіндігі қарастырылуда.

Тіркеуге қатысты барлық сұрақтардың жауабын Бірыңғай байланыс орталығының 1414 нөмірі арқылы алуға болады. Әрине, әлі де бірқатар мәселелердің бар екені рас, оларды жақын уақытта реттеу көзделуде. Ең алдымен, шамамен бір ай ішінде «онлайн» режимінде тіркелу мүмкіндігі қолжетімді болмақ. Сонымен бірге, азаматтардан міндеті түрде 2-форма бойынша (жылжымайтын мүлікке құқық туралы) анықтаманы талап етуді алып тастау жоспарлануда. Бұл тіркелу процесін 2 есеге дейін азайтуға қол жеткізбекші.

Бүгінде облыс орталығында ХҚКО-лар дүйсенбі-сенбі күндері сағат 8.00 мен 20.00 аралығында жұмыс істеу кестесіне көшті. Таңертеңмен жұмыс істейтін ХҚКО-лар тізіміне Қызылорда қаласық №1 (Мұратбаев көшесі, 2 «Е») және №2 бөлімдер (Тасбөгет кенті, Аманғелді көшесі, 8 «А») қызмет көрсетуде.

Жуырда облыс орталығындағы ХҚКО жұмысымен ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Абзал Ералиев арнайы келіп танысты. Қызметкерлермен және тұрғындармен пікірлескен халық қалаулысы орталық қызметіне оң бағасын берді. Қазіргі күні облыста 3883 азамат тіркеуге тұрған. Сондай-ақ, ХҚКО-да кезек күттірер адам саны да көп емес.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ – "ЖАН-АРАЙ" КЕШЕНІНДЕ

Бүгінде Сыр елінің шаруалары жылына 60 мың тонна мал азығын тұтынады. Сұраныстың жартысын «Жан-Арай» агроиндустриалдық кешенінің құрама жем зауыты өтеп отыр. Халық қалаулыларының кешен жұмысымен танысуы кезінде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Абзал Ералиев осылай деді. Зауыт күніне – 80, жылына 30 мың тонна құрама жем өндіруге қауқарлы. Неміс технологиясымен өндірілетін мал азығының бір келісі – 50 теңге.

– Сұраныс өте жоғары. Тіпті, Оңтүстік Қазақстан облысының Бадам елді мекеніндегі «Бөрте Милка» серіктестігі 1 мың бас сауын сиырға айына 80 тонна өнім сатып алады, – деді кәсіпорын басшысы, облыстық мәслихат депутаты Бақдәулет Мақашев.

Мал басының жыл өткен сайын саны артып келе жатқанын ескерген А.Ералиев құрама жем өндіретін жалғыз өндіріс орнының облыс үшін аздық ететінін айтты.

– Сондықтан ауыл шаруашылығын қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар арқылы осындай өндіріс санын көбейту керек, – деді ол.

Көпсалалы кәсіпорында алдағы уақытта ұн шығару зауыты, макарон фабрикасы іске қосылуы тиіс. Қазіргі күні барлық ғимарат салынулы тұр. Құны 375,9 млн теңгені құрайтын жобаға сәйкес өндіріс ошағына «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында инфрақұрылым тегін жеткізілді. Қажетті шикізат – күріш, бидай, жүгері, күнбағысты жергілікті шаруашылықтар өсіреді.

Агрокешен мал шаруашылығынан бөлек, құс, балық өсірумен айналысады. Облыста бірінші болып қаз бен үйректі өндірістік бағытта өсіре бастады. Былтыр жеке тұлғалардан «Жан-Арай Агро» кооперативі құрылып, мекеменің мүшелігіне 1 шаруа қожалығы және 8 жеке кәсіпкер енді. Кооператив Алматы облысынан әкелінген 10 мың дана жұмыртқадан 7 мың бас қаз бен үйректің балапандарын өсіруде. Осылайша қала халқы экологиялық таза құс етімен қамтамасыз етіледі.

Агрокешен аумағында күріш өңдеу зауыты да жұмыс істейді. Бүгінде зауыт тәулігіне 100 тонна Сыр салысының «Ақмаржан», «Лидер» және «Янтарь» сорттарын технологиялық талаптарға сай өңдеп, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркіменстанға экспорттауда. Былтыр 6 500 гектар жерге күріш егіліп, әр гектардан орташа есеппен 63,5 центнерден өнім алды.

Кешен басында болған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Балайым Кесебаева, Бақытбек Смағұл, Абзал Ералиев, Геннадий Шиповских, Әлия Сапарова аграрлық саланы дамыту, жаңа технологияларды қолданысқа енгізу мәселелерін көтерді. Жұмысшылардың сұрақтары мен ұсыныс-тілектері қаперде болатынын, сол бойынша жұмыс істелетінін жеткізді.

Назерке САНИЯЗОВА.

«БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ-2020»

КӨЗІН ТАПҚАНҒА КӘСІПТІҢ ЖОЛЫ КӨП

Мемлекет басшысының сарабдал саясаты нәтижесінде еліміз тәуелсіздік алған ширек ғасырлық мерзім аралығында бұрын дүре тимеген көптеген салалар жанданып, бәрі де халықтың игілігі үшін жұмыс жасауда. Әрине, бұл орайда өндіріс пен ауыл шаруашылығы, орта және шағын кәсіпкерлік пен жеке қожалықтардың өз ыңғайына қарай, сұранысқа ие қызметтерін алғашқы кезекте тілге тиек еткенімізбен, жамағаттың жете мән беретіні – әлеуметтік саланың жағдайы. Осыған баса көңіл аударылғандығын айтуға тиіспіз. Міне, осы бағытта облыстық ішкі саясат басқармасы шеткі аймақтарға пресс-тур ұйымдастырып, жарқын істердің орындалу барысын көпшілікке жеткізуді мақсат етіп қойды.

Аптаның жұма күнгі осы сапарында журналистер қауымы Шиелі ауданын аралап, біршама кәсіпкерлердің іс-қимылына қанықты. Әуелі аудан орталығының түстік беткейінде орын тепкен «Бек-Арыс» кешенді қызмет көрсету орталығының қызметіне ат басы бұрылды. Кент тұрғыны Әріпжан Ботбаевтың иелігіндегі аталған орын соңғы 5-6 жыл бедерінде қатарға қосылған еді. Мұнда, алғашында көліктерге техникалық күтім жасайтын қызмет орнымен қатар автокөлік жуу орны іргетасын қаласа, бертінде оған жолаушылардың жол бойында демалып, сапарын әрі қарай жалғастыруына ыңғайлы қонақ үйі салынды. Міне, ел тәуелсіздігінің қарсаңында кәсіпкерліктің қыр-сырына қанығ бастаған жас жігіт жаңа типті супермаркетті іске қосты. Өз бизнесін кеңейту мақсатында ол «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасына сай жеңілдетілген 13 млн теңге несие алып, қәдесіне жаратты. Осының нәтижесінде 5 жаңа жұмыс орны іске қосылды.

– Намысқа тырысып жатырмыз, бастысы, қызметіміз халық көңілінен шыққа дейміз. Жұрт алғыс айтып жатады, сол



арқылы күш алып, жұмысымыздың көлемін көбейтіп келеміз, – дейді сөзден гөрі іске бейім жігіт ағасы.

Жоғарыда айтылған «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасының қадірін жете түсініп, игілігін көріп жүрген талапкер жанның бірі – аудан орталығының тұрғыны Тұрдықал Баймағанбетова. Кеңестік кезден қызметке араласып, есеп-қисаптың жайына қанық тәжірибелі жан нарықтық қатынастың да талаптарын терең меңгеріп, жылдан жылға өз кәсібін дөңгелентіп алып барады. Оның қатарға қосып, қызметін шиеліліктер пайдаланып отырған соңғы әлеуметтік нысаны – «Нұрай» салтанат сарайы. Сөз арасында айта кетелік, күннен күнге көріктеніп келе жатқан Шиеліде 14 жаңа типті мейрамхана халыққа қызмет жасайды. Соның ішінде «Нұрай» мейрамханасының жөні бөлек. Өйткені, мұндағы ғимарат та әсем, қызметі де сапалы, үйленген жастар автокөлікпен залдың ортасына кіріп келе беретіні де бар. Осындай қызықтары тарта ма, қайдам, әйтеуір, апта бойы бұл жерден қонақ бір үзілмейді. «Даму» қорының қолдауымен 10 млн теңге алған кәсіпкер 450 орындық мейрамханаға көздің жауын алатын түрлі жабдықтарды толтырып тастаған. Отағасы Қуаныш та осы жерден анда-санда бой көрсетсе, ұлдары Қайрат пен Марат, келіні Айтолқын салтанатты шаралардың өз дәрежесінде өтуіне барынша адал қызмет жасап келеді. Мұнда олардан өзге 15 адам жұмыспен қамтылып, бейнеттерімен нәпақа тауып жүр.

Ал, «Береке» бизнес орталығы жаңадан бой көтерген осы аттас шағын ауданда өз жұмысын бастады. Айдәулет Бекшебаев есімді жас жігіт салауатты өмір салтын жүзеге асыру ниетінде жаттығу залын іске қосты. Денесін шынықтырып, спортпен шұғылданғысы келетін талапкерлер осы жерге келіп, машықтана бастағалы да біраздолды. Жоғарыдағы игілікті бағдарламаға сай мұнда 2,1 млн теңге тартылып, түрлі жабдық алынды. Кіру бағасы да көпшіліктің қалтасы көтеретіндей шамада белгіленген көрінеді.

2-бет

АУЫЛҒА ДЕМЕУ — "АҚНИЕТ"

"Лукойл Оверсиз Сервис Б.В." мұнай компаниясы қаржысына жүзеге асырылған "Ақниет" бағдарламасы ауылдағы қолынан іс келетін азаматтарға қаржылық қолдау көрсетіп, кәсібіне дем берді. Бүгінде олар ашқан шаштараз, наубайхана, жиһаз және кондитер цехы, компьютерлік орталық пен тігін цехы секілді халыққа қажетті қызмет түрлері ел игілігіне қызмет етуде. Осы кәсіптің бірін ұршықтай иіргендердің қатарында Тұрсын Бөлепов те бар. Ол – Қармақшы ауданы, Жаңажол ауылының тұрғыны. Оның бала күнгі арманы ағаш ұстасы болып, өз қолынан шыққан бұйымдарды сауда нарығына шығару болатын. Бүгінгі таңда оның мақсаты орындалып, бастаған ісін дөңгелентіп отыр.

Талапты жас 2014 жылы облыс әкімінің қолдауымен жүзеге асқан "Ақниет" бағдарламасына жоба ұсынып, қайтарымсыз грант жеңіп алады. Қаражатқа үй жиһаздарын дайындауға қажетті құрылғылар алып, ауылда бұрын-соңды болмаған жиһаз цехын ашады. Ағаш бұйымдарын дайындайтын шеберхана жұмысы алғашында баяу болғанымен, қазіргі таңда ауыл, аудан орталығынан тапсырыс берушілер көбейген. Онда ағаш ұсталары тұрмысқа қажетті үй жиһаздарының бірнеше түрін дайындауда. Мәселен, ауыл азаматының қолынан шыққан есік, терезе, асхана бұрышы, түрлі пішіндегі орындықтар қазіргі сауда нарығындағы түрік жиһаздарынан кем емес. Саны емес, сапасына мән беретін цех иесі ең алдымен тапсырыс берушілердің талғамынан шығуға тырысады.

– Көптен бері ойлаған ісімді бастау үшін қаржы мәселесі шешімін таппады. Қазіргі таңда сол арманыма "Ақниет" бағдарламасы қол жеткізді. Ағашты пішіп-кесетін құралдардың көмегімен үй жиһаздарының әр түрін дайындаймыз. Цехта менен басқа бірнеше адам жұмыс жасайды. Алдағы жоспарым – жұмыс көзін кеңейтіп, ауыл азаматтарын жұмыспен қамтамасыз ету, – дейді жас кәсіпкер Тұрсын Орынбасарұлы.

Ауыл тұрғындарының талғамынан шыға білген кәсіпкер алдағы уақытта басқа да жұмыс көздерін ашуға ниетті. Мақсаты – жергілікті сапалы өнімін еліміздегі ірі сауда нарығына шығару.

Осы бағдарлама арқылы Ақжар ауылының тұрғыны Рауа Асқарова да қайтарымсыз несиеге қол жеткізіп, бүгінде өз кәсібінің нәсібін көруде. Ол 2015 жылы "Ақниет" бағдарламасы арқылы "Кондитерлік цех және наубайхана ашу" жобасы бойынша қайтарымсыз несиенің грант иегері атанды. Берілген қаржыға кондитерлік өнімдерді шығару үшін қажетті құрал-жабдықтар алып, қазіргі таңда ауыл халқына нан және кондитер өнімдерін ұсынуда. Оның қолынан шыққан ұн өнімдері ауыл дүкендеріне күніне екі мезгіл өткізіліп отырады. Сонымен қоса, мереке күндері қосымша торт, пирог және басқа да түрлі тәттілер пісіріп, көпшілік тапсырысын орындауда.

Міне, айтулы бағдарламаның аймақта жүргізілуі іскер азаматтарға демеу болып қана қоймай, ауыл экономикасының өркендеуі мен әлеуметтік мәселелердің шешілуіне, жергілікті өнімдердің нарыққа шығуына жол ашты.

Нұрсұлтан ҚАЗБЕКОВ.
Қармақшы ауданы.

КӨЗІН ТАПҚАНҒА КӘСІПТІҢ ЖОЛЫ КӨП

Пресс-турға қатысушы журналистер осы сапар соңында Иіркөл ауылдық округіндегі «Гүлсезім» атты балалар бақшасының жаңа ғимаратын тамашалап, жұмысымен танысты. Мұны облысқа белгілі музыкант-ұстаз Дана Нұрмышева қарындасымыз ашқан еді. Алыстан көз тартатын сәулетті ғимаратта нақты кезеңде 50 бала тәрбиленсе, жиырмаға таяу адам қызмет жасайды. Ауыл ата-аналары бүлдіршіндерін алысқа ұзамай-ақ, осындағы сенімді қолға тапсырып, еркін өз жұмыстарымен шұғылдана беретін болды. Міне, бұл да, ««Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасының шарапаты. Осы қаржының көмегімен актзалы мен балалар ойнайтын бөлмелер қосылып, жатын бөлмелері ұлғайтылса, мекеме шағын автобусқа да ие болды.

Міне, кәсіп жасаймын деген кісіге Үкімет өз тарапынан жеңілдіктер жасап, қамқорлық танытып келеді. Оны жүзеге асыру үшін, әрине, талаптанған жанға тәуекелге барумен қатар, ерінбейтін жанкештілік қажет.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Шиелі кенті.

1-бет

ДЕПУТАТПЕН КЕЗДЕСУДЕ ҰСЫНЫСТАР АЙТЫЛДЫ

Қызылорда облыстық сотында ҚР Парламентінің Мәжіліс депутаты Балайым Кесебаевамен кездесу өтті. Оған сот төрағалары, судьялар қатысып, қолданыстағы заңдарға байланысты өз пікірлерін ортаға салды.

Мәжіліс депутаты өз сөзінде халық қалаулыларының жұмыс кестесіне сәйкес өңірлерді аралауға шыққандығына, тұрғындар ұсыныс-пікірі қай кезде де маңызды екендігіне тоқталды. Сондай-ақ, депутат өткен жылы қызметіне кіріскен жаңа заңдар ел игілігіне жемісті қызмет етіп жатқандығын, бұл орайдағы сот қызметкерлерінің ойын білгісі келетіндігін айтты. Бүгінгінің билері еліміздегі сот жүйесі даму сатысында екендігін, халықтың сотқа деген сенімі артқандығын мәлімдеді. Сондай-ақ, олар заңдар жобасын дайындау кезінде қазақша және орысша нұсқасында сәйкессіздіктер кездесетінін жеткізіп, алдағы уақытта осындай олқылықтарға жол берілмесе деген ұсыныс білдірді.

Н.ТАСТЕМІР.

● БРИФИНГ

ШИЕЛЕНІС КАРТАСЫНА ЕНГЕН БІРҚАТАР МӘСЕЛЕ ШЕШІЛДІ

Өткен жылы ақпарат құралдары мен интернет ресурстарында көтерілген проблемалардың 112-сі облыс әкімі мен прокурорының шиеленіс ошақтары картасына енгізіліп, соның 64-і шешімін тапты. Оның ішінде жалақы қарызының қордаланған жағдайлары, еңбек және жер даулары бар. Түйіні тарқатылған мәселелер бақылаудан алынды.

Өңірлік коммуникациялар орталығының брифингінде облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Айдын Қайруллаев, бұдан бөлек, тұрғындар арасында жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижесімен таныстырды. Респонденттердің 92,7 пайызы аймақта қалыптасқан жағдайды тұрақты әрі жақсы деп бағалаған. Экономикалық ахуалға 88,7 пайызының көңілі толады. Діни ахуал да тұрақты. Аймақта 173 діни ұйым қызмет атқарады. Соның 11-і – жергілікті діни бірлестік, 161-і – ҚМДБ-ның филиалы. 1991 жылы мешіттер саны 23 болса, бүгінде 159-ға жетті.

– 1000-нан астам сайтты талдау нәтижесінде күмән келтірген 161-не қатысты материалдар Дін істері комитетіне жолданды. Комитет соның 105-не теріс қорытынды беріп, сот сараптамасын тағайындау және процессуалдық шешім қабылдау үшін тиісті мемлекеттік органға жүгінді, – деді А.Қайруллаев.

Облыстағы 190 имам-молданың 10 пайызы – жоғары, 20 пайызы – орта білімді. Қалғаны мешіт жанындағы курстарда оқыған. Былтыр біліктілік арттыру курстарына 150-ден астам діни қызметкер қатысқан. «Нұр-Мүбәрак» Египет ислам мәдениеті университетінде оқитын 15 студенттің оқу және жатақхана ақысы үшін бюджеттен тыс көздерден 4,8 млн теңге бөлінді. Басқарма басшысы халықты діни білімді интернеттен емес, имамдардан, ҚМДБ рұқсат берген кітаптардан алуға шақырды.

Тілдік ахуалға да мониторинг жүргізілді. Соған сәйкес мемлекеттік тілді меңгергендер – 99,2 пайыз, ағылшын тілін білетіндер – 13,1 пайыз, үш тілді қатар үйренгендер үлесі 12,4 пайыз екені анықталды. Шығыс құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесі жергілікті атқарушы органдарда – 99,9 пайыз, орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінде – 97,5 пайыз.

2016 жылы ономастикалық атауларды жүйелеу мақсатында идеологиялық тұрғыдан ескірген, мәнмағынасыз қойылған әлеуметтік нысандар мен көше атауларының базасы жасалды. Республикалық ономастика комиссиясының оң қорытындысымен 32 білім беру және мәдениет ұйымына атау беру және қайта атау туралы Үкімет қаулысы шықты. «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесіне 72 топонимикалық атау енгізілді.

– Өткен жылдың басты оқиғасы – ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы. Мерекені атап өту бойынша жұмыс тобы құрылып, іс-шаралар жоспары бекітілді. Жоспарланған шаралар толықтай орындалды, – деді басқарма басшысы.

Назерке САНИЯЗОВА.

НЕГІЗСІЗ САЛЫҚ ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Облыстық прокуратураның мәжіліс залында 2016 жылғы қадағалау қызметінің нәтижесіне арналған баспасөз мәслихаты өтті. Облыс прокурорының міндетін атқарушы Қайрат Бөрібаев пен облыс прокурорының орынбасары Жасұлан Еламанов қатысқан жиында қадағалау жұмыстарының өңірдегі жүйелі мәселелерді анықтап, оларды жоюға бағытталғаны, әлеуметтік шиеленістің, қылмыстылық пен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында прокуратураның уәкілеттілігі, үйлестіруші функциясы кеңінен қолданылып, нәтижесінде қоғамдық-саяси ахуал тұрақтылығы қамтамасыз етілгені айтылды.

Прокурорлардың елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге, азаматтардың, кәсіпкерлердің құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың мүддесін қорғап, мемлекеттік бюджетті толықтыру, сыбайлас жемқорлық пен экстремизм көріністеріне тосқауыл қою проблемаларына шоғырландырылғаны белгілі. Облыстық прокуратура органдары алға қойылған міндеттерді жемісті түрде жүзеге асырғанын көрсетті. Аймақта табиғат қорғау прокуратурасы құрылып, экологиялық мәселелердің себептерін зерделеп, шешуге мүмкіндік берді. Жүзеге асып жатқан жобалар діттеген мақсатына жетті. Ұзаған жылдың екінші жартыжылдығында "Ана мен бала өлімінің алдын алу" жобасының нәтижесінде бала өлімі 54 пайызға азайып, ана өлімі мүлдем орын алмаған. Ал "Оқу орындарындағы құқық бұзушылықтың алдын алу" жобасы шеңберінде Қызылорда мен Байқоңыр қаласы, Шиелі ауданында орналасқан барлық мектептер бейнекамерамен жабдықталды. Осы жылдың сәуір айына дейін өзге аудандар да арнайы бейнебақылау құрылғыларымен қамтамасыз етіледі деп жоспарлануда. Аталған жоба мектептерде орын алатын телефон ұрлығын азайтып, жасөспірімдерге қарсы жасалған қылмыстарды төмендетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мемлекеттік органдармен 3 мың мүмкіндігі шектеулі жаннан заңсыз 6 млн теңге салық және баж салықтары өндірілгені анықталған. Қазір негізсіз салынған салықтар қайтарылуда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны жүзеге асыру, мал ұрлығы мен алаяқтықтың алдын алуды одан әрі жандандыру мәселелері де қадағалаудың өзекті бағыты ретінде белгіленген.

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген тексеру мен талдау барысында 6 қылмыстық іс қозғалып, сотқа жолданған 5 іс бойынша 4 адам сотты болып, мемлекет кірісіне 3,6 млн теңге өндірілді. Мысалы, Сырдария ауданы Н.Ілиясов ауылдық округі әкімдігінің аппараты қызметінде бюджет қаржысын жымқыру дерегі анықталған. Аталған дерек бойынша Қылмыстық кодекстің 189-бабымен 2 қылмыстық іс қозғалып, есепші Хамзеева 5 жыл бас бостандығынан айырылды. Қолданылған шаралар нәтижесінде әкімшілік айыппұлды өндіру көрсеткіші бойынша 16 облыстың ішінде 13-ші орынның үшінші орынға көтерілді. Бүгінгі таңда айыппұлды өндіру көрсеткіші 67 пайызды құрап отыр. Ал, мал ұрлығына қатысты қылмыстарды ашу көрсеткіші 19 есеге өскен. "Алаяқтықтың алдын алу" жобасы негізінде прокуратураның ресми сайтына алаяқтықпен сотты болғандардың тізімі орналастырылып отырады. Оған қоса, 2016 жылда Алматы және облыс аумақтарында есірткі затын өсіріп, тасымалдаумен айналысқан 6 қылмыстық топ мүшелері мен оларға қамқоршылық еткен Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасы қызметкерлері құрықталып, көп эпизодты іс арнайы прокурорлармен тергелді. Қылмыстық топ мүшелері 10-13 жылға бас бостандығынан айырылды, – деді Қ.Бөрібаев.

Сондай-ақ, мамандар ғаламтор кеңістігіндегі мониторингтің нәтижесімен бөлісті. Жасұлан Еламановтың айтуынша, өткен жылы "Фэйсбук", "ВКонтакте" әлеуметтік желілерінде ұлттық және діни алауыздықты қоздыруға бағытталған 39 жарияланым, жасөспірімдердің адамгершілік-рухани дамуына теріс қылықты насихаттайтын "YouTube" бейнехостингінің 25 арнасы анықталып, жабылған. Ал, 2016 жылы ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай күшіне енген "Рақымшылық туралы" Заң 6 айға дейін қолданылмақ. Рақымшылық қолдануға жататын 574 сотталғанның қазіргі уақытта сотпен 10-ы босатылды. 234 қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша сотқа дейінгі тергеу-тексеру өндірістен қысқартылды. Олардың 118-і онша ауыр емес, 32-сі ауырлығы орташа қылмыстарды, 84-і қылмыстық теріс қылықтарды құрап отыр.

Мөлдір СНАДИН.

ЖҰМЫСШЫЛАР ЖАЛАҚЫСЫ ҚАЙТАРЫЛУДА

Облыстық Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте Жаңақорған ауданының әкімі Ғалым Әміреев «Қазпром-Қызылорда Компаниясы» мекемесінде жұмысшылар жалақысының уақытылы төленбеуінен туындаған мәселеге байланысты БАҚ өкілдеріне түсінік берді.

Белгілі болғанындай, аталған қиыршық тас зауытының 50-ге жуық жұмысшысы төрт-бес айдан бері жалақыларын ала алмаған. Жұмысшылардың мәселесі аудан әкімдігі тарапынан бақылауға алынып, бүгінде берешек – 9 млн теңгенің үштен екісі қайтарылған.

– Мекеме жұмысшыларға 9 млн теңге қарыз болған. Біздің, аудан прокурорының араласуымен бүгінде қарыздың үштен екісі қайтарылды. Бұл мәселе негізінен компания құрылтайшыларының өзара келіспеушілігінен туындаған. Бізге желтоқсан айының басында жұмысшыларға берешек 3 млн теңге деп көрсетілген болатын. Аяқ астынан бұл қарыз көбейіп кетті. Жұмысшылардан сұрастырғанымызда «компания басшылығы бізге айтпаңдар деп тапсырды, сонан үндеген жоқпыз» деді. Компания құрылтайшыларымен сөйлесіп, мән-жайды анықтадық. Бүгінде мәселе шешімін тапты деп айта аламыз. Қарыздың қалған бөлігін, яғни, 3 млн теңгені компания құрылтайшылары жұмысшыларға ақпан айының алғашқы онкүндігіне дейін қайтарады деп отырмыз,– деді Ғалым Әміреев.

Аудан әкімі ең бастысы елдегі саяси тұрақтылық екенін, сондықтан тұрғындардың кез-келген мәселесіне бейжай қарай алмайтынын айтты.

А.БАТТАЛОВА.

ШОҚАЙ ЕСКЕРТКІШІ ҚАШАН ТҰҒЫРҒА ҚОНАДЫ?

Мүсінші Көшер Байғазиев жасаған Мұстафа Шоқай ескерткіші лайықты орын табылса, тұғырына қонуға дайын. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар орталығының брифингінде облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының міндетін атқарушы Мира Әбуова айтып берді.

– Осыған дейін таңдалған орны екі рет ауысты. Қоятын жер анықталып, абаттандыру жұмыстары жүргізілсе, ескерткішті қазір апарып орнатуға бармыз, – деді ол.

Брифингте салада атқарылған жұмыстар айтылды. Былтыр Жаңақорған ауданындағы Талап ауылдық округіне қарасты Бесарық елді мекенінде ауылдық клуб ашылды. «Жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 8 клуб пен 1 кітапхана жөнделді. Облыстық тарихи-өлкетану музейі қайта жаңғыртылып, Шиелінің Ы.Жақаев атындағы күріш өсіру тарихы музейіне арнап жаңа ғимарат салынды. Ежелгі қалашықтарда археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, 9 жәдігеріміз ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұраларының алдын ала тізімінен орын тапты. Облыстық филармония басқа қалаларда, алыс-жақын шет елдерде концерттер берсе, көрермен назарына Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры 223 спектакль ұсынды.

– Осы жылы «ЭКСПО-2017» көрмесі аясында Астанада облыстың өнер күндерін, «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» фольклорлық-музыкалық өнер фестивалін, суреткерлер симпозиумын ұйымдастыру жоспарланып отыр, – деді басқарма өкілі.

Жалағаш ауданының Мәдениет, Шиелі ауданының Еңбекші ауылдарында клуб салынса, Қазалы ауданының Жалаңтөс батыр ауылындағы клуб пен Қызылордадағы архивтер ғимараты пайдалануға беріледі.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

СУДЫ ҮНЕМДЕУ САРАБЫ

Аймақта топырақ құнарлығын сақтап, су көлемін тиімді пайдалану басты бағытқа айналуда.

Мәселен, Қармақшы ауданында 25928 гектар суармалы жер бар. Оның ішінде 23050 гектар жер инженерлік жүйеге келтірілген. Осы жерлерді пайдаланып отырған шаруашылықтар құнарлы топырақты сақтап және су көлемін үнемді пайдалануды басты міндетке айналдырып отыр.

Жалпылай айтқанда, егістік жердің беткі қабатының тұзденуі сол жерлердің мелиоративтік жағдайына кері әсерін тигізеді. Егістік жерлердің тұзденуін болдырмау үшін алқапты уақытында сорын шайып, минералды тыңайтқышты өз көлемінде пайдаланған дұрыс. Сонымен қатар, қашыртқы каналдарын тазалап, егін алқабында пайдаланған суды шығарып отыру керек.

Қазіргі уақытта Қармақшы ауданына қарасты ірі шаруа қожалықтары жаңа заманға сай техникамен жұмыс жасауда. Яғни, итальяндық «Мара» лазерлік жер тегістеу құралын қолдану нәтижесінде егістік жерге берілетін су көлемін үнемді пайдалана отырып, егін өнімділігінен өте жоғары көрсеткішке жеткенін көруге болады. Осындай лазерлік жер тегістеу технологиясын қолға алып әрі қарай қолданысқа кеңінен енгізу – бүгінгі күннің талабы.

Ауданда суармалы егістік жерлер толық пайдаланылып отырған жоқ. Тұздану, батпақтану, суару және қашыртқы жүйелері істен шығу салдарынан пайдаланылмай жатқан егістік жерлер, қаражаттың жетіспеушілігінен игерілмей отырған мелиоративтік жағдайы жақсы жерлер көлемі едәуір көп. Алайда шағын шаруашылықтардың тиісті қаражаты болмағандықтан, егістік жерлердің мелиоративтік жағдайын сақтау және жақсарту мақсатындағы іс-шараларды өз күштерімен тиісті дәрежеде талапқа сай жүргізе алмайды. Сондықтан Үкімет тарапынан берілетін несиелерге қол жеткізу үшін майда шаруашылықтар кооперативтерге бірігіп, мемлекет қолдауын сезінулері қажет.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.
Қамақшы ауданы.

2016 жылы этикалық нормаларды сақтамағаны үшін 200 мемлекеттік қызметші жауапкершілікке тартылды. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметкерлерін кешенді аттестаттау» тақырыбында өткен баспасөз конференциясында Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Айгүл Шайымова мәлім етті.

КЕШЕНДІ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТЕДІ

Спикердің айтуынша, биылғы аттестаттаудың бұрынғылардан ерекшелігі, ол қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін олардың кәсіби даярлығы мен мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған.

«Бұл жалпы бүгінгі қоғамның сұраныстары мен халыққа қызмет ету қағидаларына жауап беретін мемлекеттік аппарат қалыптастыру үшін қажет», – деп атап өтті А.Шайымова.

Сондай-ақ, ол биыл «Б» корпусынан шамамен 65 мың мемлекеттік қызметкер кешенді аттестаттаудан өтетінін мәлімдеді.«Орталық деңгейде – сарапшылардан министрлік пен ведомство департаменттерінің директорларына дейін, облыстық деңгейде – мамандардан жергілікті атқарушы және аумақтық органдардың басшыларына дейін, ал аудандық деңгейде – ауыл әкімдіктерінің жетекші мамандарынан аудан әкімдерінің орынбасарларына дейін және мамандардан аумақтық орган басшыларына дейін аттестаттаудан өтетін болады», – деді агенттік төрағасының орынбасары.

Сондай-ақ, ол аттестаттаудан босатылатын мемлекеттік қызметкерлер туралы айтып өтті.

«Бұл санатқа декреттік демалыстағы, аяғы ауыр әйелдер, сондай-ақ 3 жасқа толмаған балалары бар әйелдер, 14 жасқа толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызбасты аналар мен әкелер жатады. Сонымен қатар, зейнеталды жастағы қызметкерлер, «А» корпусының кадрлық резервінде тұрғандар және мемлекеттік қызметке алғаш рет алынып, алты айдан аз уақыт жұмыс істеген қызметкерлер аттестаттаудан өтпейді», – деп түсіндірді А.Шайымова.

Д.ЕЛУБАЕВ.

● КЕРЕК КӘСІП

АЛТЫН ҚОЛДЫ ЖІГІТ

Қазіргі кезде көліксіз адамның таңы атып, тауығы шақырмайтындай, қимылдасаң, көлікке тәуелдісің. Заманның түзелгенінің бір белгісі шығар, бұрын бір «Мосвичке» зар болып жүрген біз қазір қос-қостан шетелдік жеңіл автомобильдерді мінетін болдық. Өзінде – бірі, әйелінде – екіншісі, баласында тағы бір жеңіл автокөлік дегендей, әйтеуір, құжынаған машина.

Аудан орталығы Жаңақорғанның өзінде көлік кептелісі болып, айқаймен көзін шекесінен шығарып жүргендер баршылық. Құп, «текемет сатсаң да, көршіңе сат, бір шетіне өзің де отырарсың» дегендей, тақымға темір тұлпарларды басқандар молая берсін ғой, алайда, сол зырлаған көлігінің тілін түсінетін замандастар кемшіндеу секілді. Қозғалыс рычагін бір қозғап қойып, акселатормен реттеп жүргендердің кейбірі доңғалағы жарылса, желімдей алмайды. Майды қайда, суды қайда құятынын білмей рөл басқарып отырғандар да кездеседі. Сонымен көлік жөндеушілерге қай жерде де зәрулік бар.

Техниканың тілін білетіндердің түкірігі жерге түспейді десек, артық емес. Бұл бір жағы жаңа кәсіптің көзі екендігі де рас. Сол қатарда Жаңақорған ауданының Қожакент ауылының тұрғыны Нұржан есімді жігітті атауға болады. Ісмер жігіт ауылда тұрып-ақ, осы шеберлігі арқасында аудан жұртшылығына белгілі болды. Кеңестік зауыттан шыққан ескі автокөліктерден бастап, шетелдік, отандық машиналардың да ақаулығын тауып, мүмкіндігінше қайта қозғалысқа қосып жібере алады. Әрине, сынған бөлшекті орнын тауып тез алмастыру арқылы. Машинаның майысқан, сынған жерлерін де өз қолындағы аспаптармен реттеп жалтыратып шығаратындығы да өз ісін жақсы білгендігі. Оның ауласында қашанда кемінде 5-6 көлік кезек күтіп тұрғаны. Нұржан ауыл мектебінде тарих пәнінен сабақ береді, сол жұмысынан келе киімін ауыстыра сала іске кіріседі.

– Расын айтсам, техника жөндеумен шұғылдану менің сүйікті ісім, оның әр бөлшегін қайталап қарау арқылы демалып қаламын. Мұқтаж болып келген кісілерге осылай қол жәрдемімді беремін. Кесімді ақы айтып көрген емеспін, – дейді автокөлік жөндеуші шебер жігіт.

Бұл істі ол атасы Досболдан үйреніпті. Әуелгіде велосипед, мотоцикл жөндеуден бастаған Нұржан бірте-бірте заманауи техникаларға да қол ұрып, тез бейімделген көрінеді. Оған электрик мамандығын игергендігі де қосымша сеп болса керек. Түрлі машина моторларын да ашып, қайта жинап қалыптасыпты. Әмбебап шеберлік осындай бейнетпен келсе керек.

Міне, заман талабына сай өз қабілетін дамытқан азамат өз ісі арқылы қаншама жанның мұқтажын шығарып, алғысқа бөленіп жүр. Өнерді үйрен, үйрен де жирен дегенді қазақтың босқа айтпағандығы осындайда еске түседі.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.

ЭКСПО-2017 – БОЛАШАҚҚА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

Елбасының бастамасымен осыдан бірнеше жыл бұрын Қазақстан 2017 жылы халықаралық көрмені өткізу құқығын жеңіп алды. Осылайша Қазақстан бұрынғы Кеңес одағының құрамында болған республикалар арасынан мұндай зор тәуекелге барған алғашқы мемлекет болды. «Тәуекел түбі жел қайық, өтерсің де кетерсің» демекші, бүгінде Астанада ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі нысандары құрылысының 95 пайыздан астамы аяқталып тұр. Оны аймақтардан барған журналистер үшін ұйымдастырылған пресс-тур барысында өз көзімізбен көрдік. Атқарылған орасан ауқымдағы жұмыс көлемін, сондай-ақ тынымсыз жүргізіліп жатқан қызу еңбекті көріп, ЭСПО-2017 нысандары белгіленген мерзімде толығымен аяқталатынына еш күмәніміз қалмады.

Пресс-тур барысында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері арасынан көрме орналасқан аумақтан бүгінгі күннің талабына үйлесімді, заманауи үлгіде бой көтерген қалашықтың сәулетті бейнесіне риза болмағаны жоқ шығар, сірә. Алыстан қарағанда бөтен ғаламшар кемесіндей көрінетін ЭКСПО қалашығы өзіндік сән-салтанатымен ерекшеленеді. Алып сфераны ортасына алған көрме павильондары мен оның айналасындағы тұрғын үйлер мен қонақ үйлер, басқа да нысандар «Болашақ энергиясы» жобасының тұтас желісін құрап тұр.

Көрменің сәтті өтетініне де сенімдіміз. Алайда, кейде жұртшылық арасында «ЭКСПО көрмесіне жұмсалған қаржы өзін-өзі ақтамайды, бизнес орталықтары орналасады. Ал, қалашық аумағындағы тұрғын үй кешендері «Бәйтерек» холдингінің меншігінде. Көрме аяқталғаннан кейін ол үйлер ел азаматтарына жаппай сатылымға шығарылуы мүмкін. Бұл мәселемен «Бәйтерек» холдингі тікелей айналысады. ЭКСПО-2017 көрмесі көрме өткеннен кейін оған арналып салынған ғимараттардың пайдасы болмай қалады» деген бірлі-жарым пікірлерді естіп қаламыз. Шынымен де солай ма? Оған жауап беріп көрейік.

ЭКСПО көрмесі еліміз үшін үлкен абырой болмақ. Ауқымы жағынан Олимпиада ойындары мен Әлемдік футбол біріншілігінен кейінгі орында тұрған мұндай шараны ТМД кеңістігінде тұңғыш рет Қазақстан өткізгелі тұр. Бұл, бізге берілген сенім, Елбасы беделін сыйлау. Әрі сыртқы саясаттағы табысымыз бен елді біріктіріп, тұтастыра түсетін уақыттық нышан.

Ең алдымен, мынаны түсініп алуымыз керек: ЭКСПО көрмесі – бұл болашаққа салынған инвестиция. Көрме өтетін үш ай мерзім ішіндегі қаражат туралы айтатын болсақ, бір ғана туризм саласы миллиондаған табыс әкеледі.

Бұған дейін әлемнің бірнеше елінде болып өткен ЭКСПО көрмесінің тәжірибесі, ғимараттардың бос қалмайтынын көрсетіп отыр. Астана көрмесінің басты символы болып табылатын сфера және тақырыптық павильондар «болашақтың мұражайы» ретінде жұмыс жасай береді. Павильондардың тең жартысына халықаралық қаржы ұйымдары мен кезінде шетелдіктер тұратын үйлерді аралап көрдік. Ондай жайлы пәтерлерді қазақстандықтар қуанақуана сатып алатыны анық. Қалашық аумағындағы 42 көпқабатты үйдегі бір бөлмелі пәтерден төрт бөлмеліге дейінгі 1374 пәтер сатылымынан мемлекет қоржынына қаншалықты қаржы түсетінін есептей беріңіз.

Тағы бір маңызды жайт, Астана көрмесінің бас тақырыбы – «Болашақтың энергиясы». Жасыл технологияларды дамыту, балама қуат көздерін табу мәселесі өзекті боп тұрған заманда 2017 жылғы көрме талай бастаманы іске асыру кілтіне айналады. Мысалы, 1939 жылы Нью Йоркте өткен әлемдік көрмеде Рузвельттің телеэкранда пайда болып, жиналғандарды таң қалдыруымен әлемде телевидение өрістей бастады. Ал, Эдисонның фонографы үшінші Париж көрмесінде танымал болып кетті. Ендеше, Астана көрмесінде де жаңа технологиялар мен ғылыми жетістіктердің бағы жанып кетеді деп білеміз. Тағы бір ерекше назар аударарлық нәрсе, ЭКСПО-ны өткізу тарихына қарасаңыз, үлкен көрмелердің құрметіне әр ел өзінің техникалық мүмкіндігін паш ету үшін сәулет туындыларын салуға тырысқан. ЭКСПО көрмесін Брюссельде – Атомиум, Монреальда Хабибат деген ерекше тұрғын үй кешені тұрғызылған болатын. Астана көрмесінде бой көтерген ғимараттар да сәулет тарихына ұялмай кіретін туындылар деп есептеуге болады. Шынымен қапталған алып сфера секілді ғимарат әлемде жоқ есебі. Ал, көрме біткен соң қалған павильондардың біразы ғылыми зертхана, ғылыми орталық, зерттеу институттары ретінде қолданылады. Қысқаша айтқанда, ЭКСПО

САРБАЛАЕВТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

СЫННЫҢ САРБАЗЫ

Айналсаң да ағалап,
Жалынсаң да жағалап.
Бетке бірден айтады,
Бар-жоғыңды бағалап!
(Тақырыптың тұздығы)

Сарбалаев дегенде, әрине, алдымен қазақтың белгілі сыншысы Бақыт Сарбалаевтың есімі ойға оралады. Бұлай болуы заңды да. Себебі, ол әдеби ортаға тым ерте танылды. Сыр бойындағы жоғары оқу орнына білім ізден келген жас өрен алғашқы дүниелерімен-ақ ел-жұртты елең еткізді. Бір күні оның көлемді сын мақаласы ол тұста жұрттың қолы жете бермейтін «Лениншіл жастың» өзінде басылды. Соңына «Бақыт Сарбалаев, Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының бірінші курс студенті» деп қол қойылған бұл жарияланымды көзі қарақты оқырман қалт жіберген жоқ. Өйткені, сол кезде «Лениншіл жас» онсыз да үтір-нүктесіне дейін оқылатын. Оқуға жаңа түскен балауса талант үшін бұл айтулы жетістік еді. Бүкіл жұрттың назар аударған себебі, «Өлең салмағы жүрекпен өлшенеді» деген осы көлемді дүниені әдеттегідей астаналық сыншы емес, айдаладағы Қызылордадағы мұғалімдер дайындайтын оқу орнының есігін енді ғана ашқан ботатірсек бозбаланың жазғанына байланысты еді.

Каз ГУ-де оқып жүрген кезімізде осы мақаланы көру үшін Пушкин атындағы кітапханаға барғанымыз есімізде. Жалғыз біз емес, студенттердің біразы жабыла іздейтін. Өйткені, бірінші курсында жұртты таңқалдырған өреннің алғашқы жетістігін зерттемекке кім-кім де құштарлық танытатын еді ол тұста. Сол «Лениншіл жастың» етектей мақаласының соңына біреу «Болар бала ....» деген рас-ау!» деп баттитып оқшау пікір жазып кетіпті. Бүгінгіше айтқанда, комментарий. Сол кездің өзінде танымал сыншы болып үлгерген Бақыт Сарбалаевқа бұдан артық қандай жарнама керек?! Содан соң бесіктен белі шықпай жатып, анадай елді елеңдеткен сын мақала жазған оның табиғатын тануға ұмтылып, баспадан оқырманға жаңа ғана жол тартқан «Қызыл алмасының» дәмін татып көру үшін кітап сөресіне беттейсің.

Дария жағасындағы қаладан институт бітіріп, ауылға аттанған Бақыт ағa бірер жыл ауылда мұғалім болған соң, Алматыға келіп, өз үйірін тапты. Әдеби ортаға тастай батып, судай сіңіп, көп үзамай-ақ қазақтың санаулы сыншыларының санатына қосылды. Атақ-данқты ойламай, күн-түн демей, дамылсыз еңбек етті. Жарасқан ағамның «Өзгелер сынның атағын алады, Сарбалаевқа тек шатағы қалады» деп жырлайтын кезі осы тұс. Оның «Қызыл алма» атты алғашқы сын мақалалар жинағы кезінде қолдан-қолға түспейтін құндылыққа айналып еді. Сол «Қызыл алма» кейін басқа да бағалы еңбектеріне жол ашты.

Жалпы, бір кезде әдебиет сыншылары өте беделді болатын. Жаңа кітап жарыққа шықса, жұрт «Не айтады екен?» деп, алдымен солардың аузына қарайтын. Себебі, қазақта ақын-жазушы жеткілікті болғанмен, кәсіби сыншы көп емес-ті. Сол аздың бірі – әдеби шығарманың кемшілігі болса, бетің бар, жүзің бар демей, іреп соятын Бақыт Сарбалаев еді. О бастан қалыптасқан қағида бойынша, сыншы деген түрі сұсты, түксиіп жүретін, көп күлмейтін, салмақты да салиқалы адам болуға тиіс секілді көрінетін. Негізінен мінезі тұйық, көңілі түспегенге көп ашыла қоймайтын Бақыт ағамызды да көбінесе осы кейіпте көретінбіз.

Оның тағы бір қыры төсқанышы жылдардың басында ақпарат кеңістігіне «Ана тілі» газеті шыққан кезде жарқырап көрінді. Рухани әлемдегі айрықша құбылыс саналған басылымды басқарған Жарылқап Бейсенбайұлы өзінің орынбасарлығына Бақыт Сарбалаевты таңдады. Елге танымал екі ағамыз газет редакциясына қарымды жігіттер мен қыздарды тартты. Шығармашылық топ «Ана тілін» ұлттың үніне, зиялылардың бас қосатын мінберіне айналдырды. Бұл жылдардағы басылым елдің рухын көтерді, жұрттың санасын оятты. «Қазақ баспасөзінің алтын дәуірі қай кез еді?» дегенде, алғашқы шығармашылық топ шығарған «Ана тілі» газеті де ойға оралады. Тыңнан жол тауып, өзгеше өрнек салған Бейсенбайұлының берекелі жолы пен Сарабалаевтың сара соқпағы оқырманды ұлттық руханият әлемінің биігіне бастады.

Бақыт Сарбалаев кейін «Қазақ елі» газеті мен «Сын» журналын шығарып, осы басылымдарға басшылық етті. «Қазақ елі» шетелдерде тұратын қазақтарға арналды. Бұрын осы міндеттерді атқарған, төте жазумен шығатын «Біздің Отан», «Шалқар» газеттері жарық көріп тұрған еді. Жаңа газет осы үрдісті жалғастырды. Оның «Қазақ елі» деп аталуы да бекер емес-ті. 1944-1956 жылдарда дүние жүзі қазақтарына арналған журнал осындай атпен шығып тұрған екен. Дүние жүзі қазақтары қауымдастығы басылымды жеті мың данамен бастыртып, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия, Түркия елдеріне жіберіпті. Кейін қаржы тапшылығына байланысты газеттің жұмысы тоқтап қалды.

Ал, Жақсыбай ағам ақынның жүрген жерін өзі көргендей етіп суреттейді екен. «Міне, қарашы, мынадай әдемі жерде Мәлике екеуі серуендеп жүрмеуі мүмкін емес. Құдай біледі, Троицкіге кетерде тура осы жолмен аттанған шығар». Жақаңның әңгімесі Сұлтанмахмұтпен ғана шектелмейді. Одан әрі Жаяу Мұса өлеңдерінің тарихын баяндайды. Содан соң Шоң серіктестігінің ел біле бермейтін ерекшеліктеріне тоқталады. Аймауытов болып ақтарылады, Шанин болып ширығады, Байзақов болып термелетеді, Маргұлан болып тебіренеді. Соның бәрін жүрегіне жеткізе жөнімен айтып отырғанда, Сыр бойы перзентінің баяғыда-ақ Баянауылмен бауырласып кеткеніне қапысыз сенесің. Ал өзінің негізгі тақырыбы тіл білімі, оның ішінде сөзжасам мәселелері қозғалса, кеңінен көсіледі. Одан өзі зерттеген конверсия тәсілінің жай-жапсарын баяндап, миыңды толықтырады.

Конверсияны дамылсыз қаузайтындай реті бар. 1993 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті жанындағы мамандандырылған кеңесте «Қазақ тіліндегі конверсия мен адъективация» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған еді. Ізденген тақырыбын одан әрі дамытып, докторлық диссертация қорғамақшы болған. Диссертациялық кеңестің мерзімі бітіп қалуына байланысты ол оны жүзеге аса қоймады. Бірақ өз ортасында орны бар байсалды ғалым ретінде танылды. 300-ден астам ғылыми мақала жазды. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын иеленді. Мәдениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төсбелгісімен марапатталды. Ең бастысы, ел ішіне сыйлы болды.

ӘУЛЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІ

Суйсіндіріп халықты,
Сөйтіп, өзін танытты.
Сарбаладан – бар бала,
Сөз өнерін алыпты!
(Тақырыптың тұздығы)

Ертіс өңірінде оның дос-жарандары жетіп артылады екен. Жүрген жерінде солардың бәрі оған арнап дастархан жаяды. Сондай отырыс үстіндегі бір қағаберісте жүз грамды жеделдетіп жөнелтіп жіберіп, «Жаңағы соңғы рөмкені Бәтима байқамай қалды-ей», – деп қулығын асырғанына мәз болатын. Сонда қайран Бәтима жеңешем кімнің денсаулығы үшін күйіп-пісіп жүр десеңші?!

Жақсыбай Сарбалаевты тек той-томалақтың гүлі болып жүретін сауықшыл адам екен деп қалмаңыз. Өз жұмысына талапшыл педагог, қатал декан. Оқу орындарының басшылық қызметінде шыңдалған азамат. Өзі қызмет істеген екі оқу университетіне де еңбегі сіңген. Студенттер алдынан кесе өтпейді. Әріптестері қатты құрметтейді. Жақаңның себепші болуы арқылы Павлодар мемлекеттік университетімен тұрақты байланысымыз орнықты. Оқу орнының қабырғасында бірнеше рет болдық. Студенттермен жүздестік, өз саламыз бойынша лекция оқыдық.

Үлкен ұлы үйленгенде тойға арнайы барып, қуанышына ортақтастық. Сол күндері оның көңілі көкте шарықтап жүрді. Дастархан басында өте көңілді отырды. Алып-ұшып, бүкіл жұртты құшағына сыйғызғысы келіп, жан-дүниесімен ашылды. Мұндайда Бәтима жеңешеміз әрі-бері кіріп-шығып жүріп, Жақаңды назардан тыс қалдырмайтын. Оны баладай мәпелеп, жай-күйіне кәдімгідей алаңдайтын. Оларға қарап, отбасындағы бақ-берекенің, жарасымды сыйластықтың үлгісін көргендей болатын едік.

Сөйткен Жақсыбай ағамыздан айырылып қалғанымызға да біраз уақыт өтті. Ойға алған жоспарлары көп еді. Бірқатары іске асты, кейбіріне үлгермеді. Бір барғанымызда өзі тұратын үйдің жоғарғы жағынан шағын пәтер алып қойған екен. Оны кітапханаға айналдырыпты. Төрт қабырғада кітап толып тұр. «Енді бір рахаттанып отырып жұмыс істемесем болмайтын түрі бар», – деген сонда. Жұрттың қамын көбірек ойлайтын ағамыздың сол кітапханаға қамалып отыратындай уақыты да болмады-ау дейміз. «Ана тіршілік бітпей қалды, мына шаруа тағы шықты» деп бар жұмысты өзі тілеп алып, шапқылады да жүрді. Соның бәрін уайымдаймын деп, жүрегіне салмақ түсіріп алды ма, қайдам?!

Сөз қонған Сарбалаевтардың көпшілікке танымал болуы тегін емес. Ділмарлық олардың қанында бар. Өздері ататек етіп алып жүрген Сарбала аталары өңірге белгілі би болыпты. Заманында жұрттан жақсылығын аямапты. Бертінде ашаршылық тұсында дүние салған деседі. Өз әкелері Тұрсынды да ауыл-аймақ «би» деп атаған. Бидің баласы болған соң құрметтегені шығар. Ол кісі елде басшылық қызмет атқарды. Ауыл шаруашылығының өркендеуіне атсалысты. Ең бастысы, балаларын жақсы тәрбиеледі. Адам болуға баулыды. Соның әсері шығар, бидің ұрпақтары бала кезінен бидің сөзін айтуға бейім тұрды. Біреуі әдебиеттің, біреуі тілдің түтінін түзу ұшыруға тырысты. Бәрі де өз саласында беделді маман болып қалыптасты.

Бұлардың әулетінде жазу-сызуға әуестігі ешкімнен кем емес тағы бір Сарбалаев бар. Есімі – Төребай. Өзі құрылысшы. Елде тұрады. Ағайын-туысқа қарайласады. Арасында ептеп өлең жазады. Әрине, екі бауыры секілді әдеби ортаға кең таныла қойған жоқ. Соған қарағанда өлең өргенінен гөрі, кірпіш өргені тәуіріреқ болуы керек.

Енді Жақсыбай Сарбалаевтың отбасына қайта оралайық. Оның үлкен ұлы Елдос әкесінің жолын жалғады. Ол Павлодар мемлекеттік университетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп шықты. 2010 жылы «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы поэзиясындағы азаматтық әуен» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін иеленді. Мәшһүр Жүсіп шығармашылығына байланысты танымал ғалым Қуандық Жүсіптің жетекшілігімен бірнеше диссертация қорғалған еді. Елдос та сол шоғырдың ішінде. Жас Сарбалаев бұрын көп зерттелген мәселеге өзгеше қырынан келіп, өз байламын айтты. Қазір ол Ішкі істер министрлігінің Павлодардағы оқу орталығында қызмет істейді. Сол мекемедегі қазақ тілінің туын көтеріп жүрген білікті мамандардың бірі. Сөзі салиқалы, ойы оралымды, мінезі орнықты азамат.

Айтпақшы, бұл үйде өнерге таласы бар тағы бір парасатты перзент өсіп келеді. Ол – Жақаңның кіші ұлы Ерасыл. Керекуге барғанымызда қаршадайынан қолына домбыра ұстап, күй тартып отырғанын көретінбіз. Музыка үйірмесіне қатысқан болуы керек, әйтеуір, күйді кәнігі домбырашылардан кем тартпайды. Үйінен өмірі қонақ арылмайтын Жақаң Ерасылды көпшіліктің алдына үнемі шығаратын. Бір ғажабы, бала бәлсінбейді. Ақ домбыраны қолға алып, аяғын айқастырып, жайланып отырып, күйдің бірінен соң бірін төгілте жөнеледі. «Бұл – біздің Сүгір!», – деп сырттай сүйсінетінбіз. Кейін ол кәсіби күйшілердің қатарына қосылып, талай бәйгелерде жүлде алды. Соған қарамастан, өнердің жолын шындап қуған жоқ. Бүгінде өзге мамандық таңдап, сол сала бойынша тереңірек ізденіп, оқуын жалғастырып жүр. Бәлкім, өнерге бір бүйірден қосылайын деген шығар.

Сөйтіп, сонау Сыр бойынан бастау алған Сарбалаевтар сабақтастығы бүгінде Сарыарқаны тербетіп тұр...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ.

ДЕНСАУЛЫҚ

«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ» ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Өмір болған соң басы ауырып, балтыры сыздамайтын адам жоқ. Сондайда ең алдымен «жедел жәрдем» қызметіне жүгінетініміз белгілі. Осыдан болар, тұрғындар тарапынан медицинаның осы бір қызметіне сын айтушылар көп-ақ. «Шақыртуымызға сағаттап кешікті не дұрыс қызмет көрсетпеді» деушілер қарасының басым түсуі бұл сөзімізге дәлел. Былайша күндерде толастамайтын шақыртулар мереке күндері, сонымен бірге түрлі аурулардың эпидмаусымында тіпті үдей түсетіні анық. Тұрғындар тарапынан айтылатын сынның, көңіл толмаушылықтардың қаншалықты орынды екенін әрі медициналық қызметтің осы түрінің ахуалын білу мақсатында облыстық медициналық жедел жәрдем станциясына барып, жедел жәрдем қызметкерлерімен бірге кезекшілікте болдық. Алдын ала ескертпегенімізбен, мекеме басшысы не орынбасарымен кездесіп, сөйлесудің сәті түспеді. Бізді қарсы алған оперативті бөлім меңгерушісінің міндетін атқарушы Вера Жеңсікбаева басшылықтың белгілі себептермен бізбен кездесе алмайтынын айтты.

Айта кетейік, жақында ғана жедел жәрдем қызметі облыстық мәртебеге ие болғаны белгілі. Ондағы мақсат – облыс тұрғындары мен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізі бойындағы жолаушыларға дер кезінде шұғыл көмек көрсетуді жақсарту. Облыстық статусқа ие болған қызмет жаңа ғимаратқа қоныс аударды. Бүгінде рет-ретімен көшірілуде. Жаңа ғимаратта операторлар «Көмек – 103» бағдарламасына қосылған. Яғни, тұрғындар қоңыраулары сол арқылы қабылданатын болады. Ал әзірге «Қазақтелеком» арқылы операторлар ескі ғимаратта жұмыс істеуде.

Операторлар бөлмесі абыр-сабыр, телефондарға дамыл жоқ, бір-бірімен жарыса безілдеуде. Операторлар осы қоңырауларды қабылдаған соң, диспетчер арқылы бригадаларға тапсырыс беріледі.

Оперативті бөлім меңгерушісінің міндетін атқарушы Вера Жеңсікбаева жедел жәрдем жұмысының тәулік бойы тынымсыз жүретінін, кез келген қоңырау шалушы тұрғын бірінші кезекте өзін қарауды қалайтынын айтады.

– Бізде шақыртулар алты санатқа бөлінеді. Алғашқы кезекте үш санат бойынша шұғыл көмек көрсетеміз. Оның біріншісі, бақытсыз жағдайларда, жарақаттарда және улануларда, екіншісі, созылмалы аурулардың асқыну жағдайларында науқас өміріне қауіпті ауру-сырқаушылықта, ал үшіншісі, әйелдердің босануларында және жүктілік ағымындағы асқынуларда. Алайда, тұрғындар көп жағдайда мұны түсіне бермейді. Соңғы кезде ауа райы қолайсыздығынан болу керек, жедел респираторлы вирусты инфекциясы кең тарауда және қан қысымының көтерілуі көп. Осыған байланысты шақыртулар да көбейіп отыр. Негізі суық тиюде, ыстығы көтерілгенде күндізгі уақытта әр адам өз емханаларына қаралуы тиіс. Бірақ, тұрғындар үшін емханаға барып кезек күтіп, қағаз толтырып уақыт жоғалтқаннан үйінде жатып жедел жәрдемді шақыртқан оңай. Осының салдарынан қызметкерлеріміздің жұмыс жүктемесі айтарлықтай артып отыр,– дейді Вера Мырқықызы.

Мәселен, 2015 жылдың желтоқсанында 11000 шақырту түссе, 2016 жылдың есепті мерзіміңде шақыртулар саны 4000-ға көбейген. Мысалы, үстіміздегі жылдың 8 қаңтарында бір тәулікте 710 шақырту түскен, оның 272-сі ЖРВИ, яғни, жедел респираторлы вирусты инфекциясы. Мамандардың айтуынша, бұрын қарбалас сәт кешкі 20.00-ден 24.00-ге дейін болса, қазіргі кезде кешкі 17.00-ден таңғы 3-4-ке дейін созылады екен.

Әсіресе, жас аналар баласының дене қызуы көтерілгенін айтып шақыртса, қан қысымы көтерілгендей, сонымен бірге масқүнемдікпен де жиі қоңыраулар түседі екен.

– Кейде жұмыс барысында жағдай тіпті қиындап кетеді,– дейді Вера Мырқықызы. – Бір адам 5 реттен 11 ретке дейін қоңырау шалады. Неше түрлі бейәдеп сөздер айтып, ұрысады. Қанша түсіндірсек те түсінбейтіндер бар. Жұрт ойлайды жедел жәрдем машиналарының бәрі станцияда тұрады, тек шақырту түскенде ғана қозғалады деп. Жоқ, олай емес, көріп тұрғандарыңыздай, станцияда ешқандай көлік тұрмайды, біздің машиналардың барлығы көшеде жүреді. Себебі, шақырту көп, бірінен шығып біріне барады. Тіпті бір есе шай ішіп шығуға мүмкіндіктері жоқ. Тек ауысым өзгеретін уақытта ғана келеді. Кейбір кісілер қоңырауға жауап бермейсіңдер деп ренжиді. Жаңағыдай жағдайда, яғни, бір кісі бес-алты рет қоңырау шалып, ұрысып жатқанда түсіндіреміз деп уақытты жоғалтып жатамыз әрі телефонның бәрі бос болмағанда қоңырау басқа нүктеге түсіп кетеді, сонан келіп бізге телефон тұтқасын көтермейсіңдер деп ренжиді. Біздің қызметкерлер тәулігіне 15 сағатында үздіксіз жұмыс істейді.

Сондай-ақ, сала мамандары соңғы кезде тұрғындардың болмашы нәрсеге бола, мысалы, шиқан шықса да, саусағын кесіп алса, тіпті «ит, мысығым ауырып қалды» деп те жедел жәрдем шақыратындардың бар екенін айтады.

Шақыртуларға уақытылы жете алмауына жолдардың нашарлығы да себепші болуда. Атап айтқанда, «Әл-Фараби» аумағына, қаланың шет аймағындағы «Наурыз» және «Махамбетов» ауылдарына жауын-шашынды кезде бару тіпті қиынға соғады екен.

– Жедел жәрдем машиналарының барлығына GPS орнатылған. Сол арқылы қай көліктің қай жерде жүргенін, қанша уақыт аялдағанын, жалпы, бригадалардың жүрген-тұрғанын бақылап отырамыз. Сондықтан аса бір кешігулерге жол берілмейді,– дейді Вера Жеңсікбаева.

Кешкі 17.00. Жедел жәрдем көліктері бір-бірлеп станцияға келе бастады. Түнгі ауысымға шығатындар екен. Бір-біріне ауысымдарын өткізеді. Түстен кейін 15.00-де барған біздің Вера Жеңсікбаевамен сұхбатымыз бітер емес. Шақыруларға бару үшін ауысымның өзгеруін күтіп отырмыз. Себебі, жоғарыда айтылғандай, станцияда бірде-бір бригада жоқ. Сұхбатымызды кезекті телефон қоңырауы үзді. Қолының ауыруына шағымданған әйел кісіден шақырту түсті. Диспетчер №16 бригаданың шақыртуға шығатынын хабарлады. Біз де ере кеттік. Бригаданың тәжірибелі дәрігері Гүлзада Қошқарбаева мен фельдшері Зәуре Нұршабаева бар, айтылған мекенжайға бет алдық. Жүргізуші – Ерлан Әмзе. Дәрігер мен жүргізушінің жанына жайғасқан мен оларды сөзге тарта бастадым.

Гүлзада Пірзадақызының жедел жәрдем қызметіндегі жұмыс өтілі 29 жыл екен. Жоғары санатты дәрігер осы жылдар ішінде талай оқығалардың куәсі болғанын айтты.

– Біздің жұмысымыздың қызығы мен қиыншылығы қатар жүреді. Міне, жаңа 17.00-де түнгі кезекшілікке түстім, осыдан таңғы 8.00-ге дейін жұмыс істейміз. Адамдармен жұмыс істеген соң талай қызықты жайттарға да, қиындықтарға да тап болып жатамыз. Қанша адам болса, сонша мінез бар. Шақыртуға барғанда бірі сұрақтарыңызға ыңғайсызданып жауап беріп жатса, енді бірі қитығып, «сендер дәрігер емессіңдер ме, менен неге сұрайсыңдар, өздерің білулерің керек» деп қалай ауырып жатқанын да айтпай қояды. Ондай да барынша жұмсақтық танытып, сөзге тартуға тырысамыз. Түрлі жарақаттармен шақырулар болады, толғатып жатқан әйелдер бар. Қазір қала үлкейген, үйлер көп. Көбіне үйлердің нөмірлері, мекен жайы дұрыс емес. Бұл да бізге біршама қиындық туғызады. Сонымен бірге шақыртуларға барған кезде ит қуып, итке таланатын кездер де болады. Кейде әйелдерді үйінде босандырып алатын жағдайлар да кездеседі. Менің өз тәжірибемде бар. Өткен жылы бір шақыртуға бардым. Махамбетов ауылында. Ол кезде Тасбөгеттегі станцияда болатынмын. Әйел толғатып жатыр екен. Қарасам бала келіп тұр. Екінші баласы екен, толғақты пісіріп барам деп жүре берсе керек. Сонан тасымалдай алмайтынымызды білдім. Амал жоқ, босандыруға тура келді. Аман-есен босанған соң ауруханаға алып келдік, – дейді Гүлзада Қошқарбаева.

Қаланың түкпір-түкпірін жүргізуші Ерлан Әмзеден артық білетін адам жоқ шығар. Жедел жәрдемде еңбек еткен сегіз жыл ішінде облыс орталығында бармаған қуысы қалмағанын, көшелердің ой-шұңқырын жатқа біліп алғанын айтты. Бұл жедел жәрдем станциясы қызметкерлерінің барлығына тән «қасиет». Күн демей, түн демей қаланы бірнеше мәрте айналатын мамандар көшелердің қыр-сырына әбден қанық.

Сонан көрсетілген мекенжайға да келіп жеттік. 61 жастағы әйел қолының ауырғанын айтты. Қызының айтуынша, анасы Жалағаш ауданы, Аққум ауылында тұрады. Сол жақта 5 қаңтар күні тайып құлап, қолын ауыртып алған. Бірақ дәрігерге қаралмаған. Қолы қатты ауырып, шыдатпаған соң балалары қалаға әкелген, сонан жедел жәрдем шақыртқан.

Дәрігерлер науқастың қан қысымын өлшеп, ауырғанды басатын дәрі екті, қолына құрсау салып, қалалық травматологиялық бөлімге алып келді.

Облыстық статусқа ие болған жедел жәрдем қызметінің ауқымы да кеңеймекші. Санитарлық авиация қызметі қосылды, трасса бойындағы апаттарға да жедел қызмет көрсетуге мүмкіндік бар. Мұндағы қызметкерлер саны 1000-нан асады. Жедел қызмет көрсететін бригадалар саны артуда. Алайда, қала бойынша 28 бригада жұмыс істеуде. Облыс орталығында 370-мыңға жуық тұрғын тұратын болса, бригадалардың бұл саны аздық ететіні айдан анық. Бұдан мамандардың еселенген жүктемемен жұмыс жасай беретіні, шақыртуларға үлгермеу, есесіне, тұрғындардың «шақыртуымызға кешікті» деген арыз-шағымдарының кемімейтіні белгілі. Алайда, басшылар тарапынан қосымша бригадалардың жасақталуы сұралып жатқанын, жақын уақытта бұл мәселе шешімін табуы мүмкін екенін білдік.

Айнұр БАТТАЛОВА.

АТА-АНАНЫҢ ҚАДІРІ

Оның анасының бір көзінде кемістік бар еді. Бала кезінде сол үшін шешесін ұнатпайтын. Өйткені мектептегілердің барлығы мұны келемеждейтін. Мектепке әр келген сайын «жұрттың мазағына қалдырған соқыр шешенің барынан жоғы» деп өз-өзін жегідей жейтін. Шешесі отбасын асырау үшін екі жұмысты қатар алып жүргендіктен, уақыты бола бермейтін. «Мейлі, маған тиіспесе, мазамды алмаса болды» деп ойлайтын бұл. Бірде ашу үстінде бар ойын айтып салды.

Өскен соң туған үйінен аулақ кету үшін бар күшін салды. Жақсы оқып, шетелден жұмыс тапты. Үйленді, отбасын асырай алатындай, балаларына сұрағанын алып беретіндей дәулет бітті. Бірақ анасын есіне де алмайды.

Бірде аяқ астынан анасы келді. Оның түрінен балалары қорқып кетіп, жылай бастады. Төбеден түскендей келісіне қатты ашуланып, екінші қайтара мұнда аяқ баспауын талап етті. Анасы сабырлы қалпын бұзбастан, заттарын жиыстырды да, кешірім сұрап кетіп қалды.

Арада жылдар өткен соң, сыныптастар кездесуіне туған жеріне келді. Қызығушылығы оянып, балалық шағы өткен ескі үйге барды. Көршілері шешесінің қайтыс болғанын, баласына арнап хат қалдырғанын айтты. Хатта «Менің қымбатты ұлым, үйіңе аяқ астынан барып, балаларыңның мазасын алғаным үшін кешір. Бала кезіңде мен үшін қатарластарыңа мазақ болғаның үшін де кешіре гөр. Достарыңмен кездесуге келетініңді білдім. Бірақ, ол күнге жетпейтін сияқтымын. Сондықтан сәби шағыңда сенің басыңа түскен қиындық туралы айтатын уақыт жетті деп ойлаймын. Сен ойнап жүріп, жарақаттандың, бір көзіңнен айырылдың. Мен бауыр етім – баламның көз кемістігімен өмір сүретінін ойлағанда, жаным ышқынып, жер дүниеге сыймай кеттім. Сонан соң әлемнің бар бояуын толық көруің үшін саған өз көзімді бердім. Сені жақсы көремін. Өз шешімім үшін ешқашан өкінген емеспін. Саған толыққанды өмір сүруіңе мүмкіндік сыйлағаным үшін жаным жай тапқан сезіммен бұ дүниеден көшіп барамын. Анаң.» деп жазылған екен.

* * *

Баласы шау тартқан әкесін өзімен бірге мейрамханаға апарды. Қауқарсыз қарттың тамақты төгіп-шашып жегеніне ондағылар жақтырмай қарап отырды. Бірақ баласы сабырлы қалпын сақтады.

Тамақ жеп болған соң, баласы қарияның киіміне жұққан тамақ қалдықтарын тазалап, шашын сипап тарады, қисайған көзілдірігін ретке келтірді. Орындарынан тұрған кезде мейрамхана қонақтары жап-жас жігіттің жан-жағындағыларға осыншама күлкі болғанына түсінбей қарасты. Баласы есептесіп, әкесін шығатын есікке қарай қолтықтап бара жатты. Сол кезде келушілердің арасынан жасы ұлғайған бір кісі жас жігіттен:

– Ештеңе қалдырып кеткен жоқсыз ба? – деп сұрады.

– Жоқ, –деді жігіт.

– Байқайсыз ба, сіз осы жердегі әр ұлға өнеге, әр әкеге үміт қалдырып бара жатырсыз, – деді.

Мейрамханада біразға дейін тыныштық орнады.

* * *

Жас жігіт көпке дейін өмірлік серігін жолықтыра алмай жүрді. Махаббатта жолы болмады, бір қыздың көзін, біреуінің сөзін, енді біреуінің өзін ұнатпады. Қиялындағы әйелді таба алмаған соң, дана ақсақалға жолығыпты.

Ақсақал жігітті тыңдаған соң:

– Анаңмен қарым-қатынасың қалай?– деп сұрапты.

Жігіт таңғалған күйі:

– Бұған менің анамның қандай қатысы бар? Мен әрине, оны жақсы көремін, бірақ кейде бітпейтін өтініштерімен, шектен тыс қамқорлығымен, болмайтын сұрақтарымен мезі етеді, – депті.

Қария ұзақ ойланып барып, сөзін жалғастырыпты.

– Сенің анаңмен қарым-қатынасың басқа әйелдермен қарым-қатынасыңа әсер етеді. Ер баланың әйелдерге деген көзқарасы анасына деген сыйластық пен махаббаттан бастау алады, – деді.

М.МЕРЕЙ.

КҮШ АТАСЫ



Кеңестік кезеңде «райкомда» жауапты қызмет атқарған Өмірзақ Ахметов тоқсанның төріне табан тіреген тұста Қазалыға арнайы іздеп барған едім. Ақсақалмен емен-жарқын әңгіме өрбітіп, азды-көпті тақырыптарға ой жібердік. «Ерніңді жібіткен жарың, қойныңды жылытқан жарың» дейтін қосағым ертерек кетті, әйтсе де жағдайды жасаған келін, жұмсағанда тіл-алғыш немерелер бар. Соған шүкіршілік етіп отырмын» деп қойды қария. Іле: – Қазір адамның тілі мен құдайдың тілі тең емес. Тәңір әрдайым төре тұруы тиіс. Ал, Құранның қасиеті – қоспасы жоқ, тәңір тілі еш өзгеріссіз келеді. Әдет-ғұрып, дәстүр, насихат, тәрбие – ұлттық идеологияның жемісі, бірақ ол мемлекеттік маңыздан мөлшері төмен түспеу керек. Ұлы Отан соғысы жүріп жатқанда бір ауыз орысша білмейміз. Сонда да болса, қатардағы солдаттан дивизия командиріне дейін көтерілдім. Адамға бір-ақ өлім бар, ол жау оғынан ба, әлде Алланың әмірінен бе, ешкім деп басып айта алмайды. Бірақ адам өлім үшін емес, намыс үшін тырысып алға ұмтылады.

Біз үш империяны құрған халықпыз. 130 жыл империяны ұстаған атақты Модэ, Римге дейін барған Еділ патша, сонан соң Тонықөк. Одан бергі әлемдік батырларға жататын Алпамыс, Қобыланды, Ерсайын, тағы басқалар бар. Ел батырлары Қабанбай, Бөгенбай, Қарасай, Райымбек, Жанқожа секілді көптеген жүрек жұтқан жауһарлардың биігі жоғары. Осылардың қанынан жаралған қазақтар кешегі соғыста қандай ерлік көрсетті. Өзін ұлы халық санағандар түркі тұқымын мойындағысы келмейді. Бұратана санап жүрген халықты төбеге қою оларға өлімнен тең. Тарихты көлегелейтін осындай жәйттер жанымды жегідей жейді.

Менің Шымкент облысы Арыс ауданының бірінші хатшысы Шәріп Қосмамбетов деген ағам болды. Соған 1946 жылы қыдырып бардым. Ағаның үйінде қазақтың қайталанбас балуаны Қажымұқан Мұңайтпасов бар екен. Астан кейін кеңінен әңгімелесу болды. Оған арқау болған Қажымұқан мен Поддубный айқасы еді. Негізінен жеңіс Мұқан жағында болғанға ұқсайды. Өйткені ол «сол кезгі саясат солай еді» деп қалды. «Неге?» дейміз ғой біз. Қажекеңнің жанын қоймаған соң ол ептеп шындықты шығарды.

– Кілемге Поддубныймен шығуым керек болды. Ә дегеннен қара күшті қосып, белінен қапсыра құшақтап, жамбасқа икемдеп қалып едім, ол жай ғана құлағыма сыбырлап «потише» деді. Мен түсіне қойдым да босатып жібердім. Себебі әлемдік додаға Ресей атынан барған 15 балуанның ішінде жалғыз мен ғана өзге ұлт өкілімін. Он төрті тұрып, мен жеңіп кетсем, олар кешірмейтін еді. Қара теңіздің үстінде келе жатып суға лақтырып кетуі әбден мүмкін-тұғын. Осыны ойлап, амалсыз берілуге тура келді, – деп Қажекем терең тыныстап алды. Міне, осындай жағдайлар қазақ тарихында аз болды деймісіз, – деді ақсақал.

Қазір Өмірзақ ақсақал өмірден өтсе де, көңілден кетпеген осы әңгімесі менде естелік болып қалды.

Қаныбек ӘБДУОВ.

ЖАСАРУҒА ЖАНЫ ҚҰМАР ЖАПОНДАР

Осы жапондардың ойлап таппайтыны жоқ. Жасарудың сырын ашуға талпынғандардың арасында оқ бойы озық тұрған да осы күншығыс елінің ғалымдары. Бұдан біраз уақыт бұрын жапон ғалымдары ұлудан адамды жасартатын, ағзаны сауықтыруда жәрдемі тиетін дәрі-дәрмек жасап шығарған еді. Енді олар ұлудан дәрі ғана емес, косметикалық сұйықтықтық жасауды қолға алып, оны тәжірибеге енгізіпті.

Жалпы, Жапонияда ұлудың ем ретінде қолданылып келе жатқанына жиырма жылдан асқан екен. Алайда ол арнайы орталықтарда ғана, онда да жан күйзелісін жан-жануарлар (балық, ит, мысық, дельфин және жылқы) арқылы емдейтін сауықтыру орындарында ғана қолданылып келген-ді. Ұзаған жылдан бастап жапондар ұлдуы табиғи косметологияға пайдалана бастапты.

Осындай арнайы орындарда косметологтар бет терісі мен денесіндегі дақты кетіріп, әжімді азайтуды көздеген клиенттерінің үстіне бірнеше ұлу жібереді екен. Ары-бері жүрген сайын ұлудан сілекей бөлінетіні белгілі. Міне, осы сілекей бетке сіңген сайын оны ажарландырып, тазалап, балғын ете түспек. Әжімді тарататыны тағы бар. Мұнда ол үшін бір адамға 241 долларға 4 ұлу сатып алса жеткілікті. Ең бастысы, салонға осындай ниетпен келген тұтынушы денесіндегі жыбырлаған жәндіктің қытығына шыдап бір сағат тапжылмай жату керек. Бұл аралықта үздіксіз қозғалыстан ұлу да шаршайды, әрі осы мезгіл ішінде оның бойындағы сұйықтығы да таусылып бітеді. Мұнан соң әлгі ұлу кәдеге аспай, мүлде жарамсыз болып қалады. Себебі, екінші рет оны қолдануға болмайды екен. Ал, қырық жастағы адамның жиырма бестегідей жасауы үшін кемінде осындай төрт сеанс қабылдауы тиіс.

Деректерге сенсек, нақты кезеңде жапон қыз-келіншектері жасарудың дәрісіз, диетасыз, опа-далапсыз жаңа тәсіліне ерекше қызығушылық танытып жатқан көрінеді. Бүгінде жапон елінде «табиғи косметология» аталатын салондар қатары көбейген, ал ұлу өсіретіндер қатары еселеп артқан.

Ұлу дейтін жәндік осы біздің айналамыздан да табылады. Ендеше, жапон жаңалығын қазақ та қайталай алады. Дегенмен, Алланың өзі сыйлаған түр-әлпетіңді өзгертем деудің түбі бір әурешілік болып шықпасын деңіз...

Дайындаған Р.АРЫСТАНБАЙ.

ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

Кие

Ақыштың келіні ауылдың кітапханашысы болады деген хабар жылы күздің басында желдей есіп берген. Оған Жасыбай ауылының бірсыпырасы таңдай қағысып, бірсыпырасы бәлендей елең ете қоймап еді. Таңданатыны – ол келін бұрын-соңды жоғары оқу орнын бітірмеген-ді, жоғары дейміз-ау, орта мектептің өзін ілініп-салынып жүріп аяқтаған жұрттың көз алдында. Сондай кітап бетін ашып жарытпаған адам қалай аяқ астынан кітапханашы болуы мүмкін?! Бір қауым жұрты таңдандырған осы жайт болатын. Ал, ауылдың бір бөлігі елең етпеген себебі – быылтыр мектепке еден жуушы боп кірген Әйтөктің келіні биыл бастауыштың білдей мұғалімі боп талтаңдап жүр. Оның қасында кітапхананың есігіндегі қара құлыпты ашып-жабатын адамды сөз ету түкке тұрмайтын нәрседей көрінген. Сондай-ақ, басқа әңгіме құрып қалғандай қайдағы бір кітапхана жайын ауызға алғандарды жақтырмағандар да табылды. «Айналайындар-ау, қазір кітап оқитын заман ба? Ол жерге оқудың неше атасын тауысқан адамды қой не, басқаны қой не, бәрібір. Одан өзге тірі жан кітапхана есігінен сығаласа, маған кел», – деген олар айтқаны келмесе мұрынды түбінен кесіп беруге дайын екендіктерін байқатқан.

* * *

Хош, сонымен ауыл тіршілігі өз бетінше, өзгеріссіз жүріп жатты. Бір күні «Ақыштың келіні қаладан диплом алып келіпті» деген хабар дүңк ете қалды. Кеше облыс орталығына кеткені әмбеге аян, бүгін, міне, қолтыққа қызыл болмағанымен көкшеңбер дипломды қысып автобустан түсіп отыр. Бұл жайт жылы күзде басталған әңгіменің шындыққа айналып бара жатқандығын аңғартып қана қоймай, абыз-күбің әңгімені одан әрі өршіте түсті. «Үлкен шаһарда ақысын берсең, қалаған диплөмді қолыңа ұстататындар бар екен. Ел-жұрттың айтуына қарағанда, Ақыш әлгі қағазына бір сиырдың ақшасын жұмсаған-ау» деп күмілдесті көпшілік. Мұны естіген кейбір үйдің ішінде тың тақырыптар талқыға салынып, оның арты кішігірім айқай-шуға ұласып жатты. Мәселен, механизатор Мырзабек қолындағы баласының дипломнан жұрдай екендігін есіне түсіріп, әйелімен ақылдаспасы бар ма?!. «Ақыштың адамына ана көк өгізді беріп, Тайкенжеге бір диплөм әперейік. Қыздармен танысканда енсесін тік ұстасын», - демей ме түсі шайдың үстінде. Әйелі Жапырақ қуанғаны өз алдына, осы уақытқа дейін ұлының үйленбей жүруін дипломының жоқтығынан көріп, онысын тәмпіштеп дәлелдеп тастады. Айтуынша, көрші ауылдағы алыстау ағайынның көкеш баласы қос дипломның арқасында үрім ауызға салғандай келіншек алыпты. Мұндай деректерді дастарханның үстіне бауырсақ төккендей қылған әйелі ақыында қандай диплөм керектігі жөніндегі диалогтың біссіміләсін бастап берді. Мырзабек бұғалтірлікті күп көрді, долы қатыны мұғалім болғанын қалады. Оның арты ұрыс-керіске ұласып, Мырзабектің суып кеткен соңғы кесесі ішілмей қалды. Ең өкініштісі, әуелгіде қыздарға сүйкімін арттыруды көздеген такырыптың өрісі тарылып, Тайкенжені ауылда бар мекемелерге жұмысқа тұрғызуға мән беріліп кетті. Бұл, әрине, қиялында қыз құшып терлеп-тепшіп отырған бойдақ баланың денесін кәдімгідей мұздатып жіберді.

* * *

Шойынқұм ауданындағы Жасыбай ауылы басынан өткеріп жатқан бұл жағдайды іштен тына қабылдаған жандардың бірі Қайырбай карт еді. Қырық жылдай мектепте қызмет етіп, талай шәкірт тәрбиелеген көнекөз келеңсіз жәйтке кінәлініі іздеп дал болды. Заман ба, әлде адам ба? Екінің бірі немесе екеуі де. Осыдан үш жыл бұрын Көлжаға ауылының басшысы дипломды сатып алғандығы анықталып, газет беттерінде жазылғаны есінде. Ол қарағымның дәкүменті жалған екендігі 11 жыл ма, әлде 12 жыл өткеннен кейін белгілі болып, жұмысынан қуылып ел-жұртқа масқарасы шыққан. Сол кезде жағасын ұстап еді, мына кітапханашының қасында әкімдікі жіп есе алмай қалғандай ма, қалай? «Ішін жарса, бір әріп жоқ» адамға дүниедегі қымбат қазынаны сенің тапсыру дегенің... «Әй, бұлар бар ғой, бұлар. Кітаптың кепиетіне ұшырап тынатын шығар» деп қартың іштей күйінеді. Соракысы, осынау бассыздықты көріп-біліп отырып, басшысы да, қосшысы да қой десе, не қыл дейсің. Қайта жұрттың бәрі оқиғаны сериал көргендей қызықтап, күнділік-түнді әңгімелейді де жатады. О, Жасаған ие, өзің жар бола гөр!

* * *

Ақыштың келіні араға көп күн өтпей-ақ, ауданның бүйрығын алып, есігіне қара құлып салынған кітапхананың басы бүтін қожайынына айналды. Құдай берейін десе, қапелімде, ауылдағылар кешегі келіндерін жаңа қызметкердің жүріс-тұрысын әңгіменің күн тәртібіне қоюға көшті.

– Ойпырмой, ақшаның күші деген, Ақыштың келінін де кердендетті-ау!

– Айтпа, күнде керзіби етігін күлпілдетіп сиыр қуып жүретін еді, аяғына биік өкше киіп алған ба, немене?!

Мақұл ғой, не киісе де өз еркі, мәселе, оның кітапхана ішінде таңнан кешке дейін не бітіретіндігінде. Өкінішке орай, ол жағына бас қатырып жатқан пенде некен-саяқ.

* * *

Қайырбай карттың облыс орталығында тұратын үлкен ұлы Мақсат бір демалысына келген бетінде, ауылдағы бұл жаңалықты әкесінен есітті. Картың емін-еркін естірте қойған жоқ, күрсініп, күйініп отырып жеткізді.

– Айдаболды қай күні кітапханаға жұмсасам, кітапханашы Абай Құнанбаевтың кітабын тауып бере алмапты. Бұ дүниенің бедерінде ондай жазушыны естімеген кәлләдән одан басқа не күтерсің, білмеймін, ауылдың жайы осы, балам! – деді қолындағы бәкісін мәсісіне жанып отырып. – Қалада жүрсің, оқыған-тоқығаның бар, заңды білесің, ар жағын өзің шеш?!

Білдей бір мемлекеттік мекеменің заңгері боп қызмет жасайтын Мақсат қалаға келісімен-ақ күмәнді жәйттің түсірді. Сонымен не керек, Ақыштың келіні дипломды қолдан жасағаны анықталып, бас-аягы үш айда жұмыстан қуылды. Оның бәрін ұйымдастырып жүрген Ақыштың өзіне бәленбай мың теңге айыппұл салынып, ел-жұрттың алдында абыройы айрандай төгілді. Ал, ауылдағы өзге жанның абың-күбіңі, тіпті, қызын берді. Не айтатындары болса да белгілі, тек Қайырбай карттың: «Адал жеген нанға не жетсін?! Киесі ұрды ғой, киесі», - деп іштей айтқан уәжі көпшілікке беймәлім болып қала берді.

Н.ТАСТЕМІР.

БҰРЫНҒЫНЫҢ АДАМДАРЫ–АЙ

«ДЖИП» ТІЗГІНДЕГЕН ӘЖЕЙ

Жол жиегі, зуылдап жатқан автокөліктер. Бәрі де асығыс, зымырап, жарысып жүр. Тек жылдамдықты өз шегінен асырмай келе жатқан бір көлік көрінді. Зымырамайтын көлік емес. Анау-мынау машиналарды шаң қаптыратын кәдуілгі «Джип». Қазіргі кезде мұндай көліктің көп кездесетіндігінен бе, әйтеуір ерекше назар сала бермейміз. Тізгінде ер немесе кәсіпкер әйелдер, қыздар отырса да таңқалмайтын болдық. Алайда, рульде әжей отырғанда таңғала қарадық. Шынымен, көлік тізгінін зейнеткер әйел басқарып келеді. Ол Сәкен Сейфуллин елді мекені тұрғындарына таныс Ермекқұл әжей.

Аталған ауылға келін болып түскен Ермекқұл Сағындықова көршілес Қалжан ахун ауылының тумасы. Ол өткен ғасырдың нақ ортасында дүние есігін ашқан. Әкесі Сағындық Көлдеев қой бақса, анасы Сәуле сауыншы болған. Отбасында жеті ағайынды еді. Мектеп бітірісімен сәкендік Қобыланды Есмағамбетовке тұрмысқа шықты. Жастайынан жұмысқа ширақ Е.Сағындықова сол кезден совхоз жұмысына да етене араласқан. Үйде қарап отырмай, ер адамдармен қатарласа жүріп күріш егеді. Таң атысымен совхозда «Газ-53» көлігін жүргізетін жолдасы екеуі бірге жұмысқа шығып, жас отбасы еңбекпен есейеді. Әжей он жыл Сыр дақылын егіп, мол өнім алудың қыр-сырын меңгереді. Әр жылдары 60-70 центнерден өнім алып, қамбаны астыққа толтырады. Бұл Ермекқұл апайдың Сәкенге келін боп түскен он жыл ішіндегі еңбек өтілі. Бұдан кейін оның жұмысы сауда-саттық, жүргізушілікпен тығыз байланысты.

– Ол кезеңдерде малшы ауылдары көп болатын. Аралары 2-3 шақырымнан басталып, 15-20 шақырымды қамтиды. Осы жерден Қаракөл асып Қарақұм, Мойынқұмға дейін 25 шопан үйі бар. Солардың барлығын аралап, азық-түлік, керек-жарақтарын жеткізіп беру үшін автодүкен жүргізу жолдасыма жүктелді. Ер адам болған соң сауда-саттық, есеп-қисапқа шорқақ келеді. Сол үшін арасында бірге барып-келіп жүрдім. Саудасын жасаймын, көлікті те жүргіземін, – деді жеткіс алтыны бағындырған әже. Жолдасымен бірге еріп жүріп, техниканың тілін меңгерген ол 1980 жылдан бастап малшылар ауылына қажетті заттарды өзі таситын болған. Автодүкен жүргізуге жүргізуші куәлігін алыпты. Арнайы бөлінген азық-түліктерді жалғыз өзі ұлестіріп, тиісті соманы өткізіп отырған.

Кеңшардың төрт бригадасында да автодүкендер. Бірінші бригадаға керекті заттарды Сәдуақас жеткізіп тұрса, екінші бригаданың автодүкен шопыры Керуенбай. Ал жүргізуші әйел Ермекқұл үшінші бригаданың шопандарына зат тасыды. Қойшы ауылдар көбіне Е.Сағындықованың келгенін қалайтын көрінеді. Тіптен, таласады екен.

– Бәрі менің зат тасығанымды қалайды. Өйткені, әйел адам болған соң азық-түлік, киім-кешекпен қоса шұлық, ине-жіп, түйреуіш секілді көптеген майда-шүйде заттарды апарамын. Үйге қажет дегеннің бәрін жеткіземін. Ал ер адамдар ондайға бас қатырмайды ғой. Сондықтан қойшы ауылдың тұрғындары «Біз жақты да бір аралап өтші» деп жиі өтініш айтатын. Автодүкенді қанша толтырып алғаныммен, өз бригадамды бір аралап өткенде бәрін түсіріп алып қалады, — дейді өткен күннің қызығын жеткізген Ермекқұл әже.

Автодүкен жүргізушісі 1980 жылдан 1996 жылға дейін малшы ауылдарды аралап, осы істің маманы болған. Көлікті зуылдатып жүргізеді. Осы он алты жылдың ішінде ол үш автодүкен көлігін тізгіндеген. Су жаңа көлік келсе, «әйел адам ғой» деп Ермекқұлді мінгізеді екен. Соның арқасында еңбегімен еленген жан «Автодүкенші Ермекқұл» атанып кеткен.

1996 жылы ол С.Сейфуллин ауылындағы орталық дүкенде саудамен айналысады. Киім-кешек, көрпе-төсек сатып, зейнетке шыққанша еңбектің нанын жейді. Апамыз отағасы екеуі үш ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірген. Бүгінде олардан 10 немере, 4 шөбере сүйіп отыр.

Зейнетке шыққаннан кейін еңбекке бейімделіп қалған жан қарап отырсын ба?! Түйе, жылқы бағып, пайдасын көруде. Әрі «елге болсын» – деген ниетімен қымыз-саумалын, шұбат-қымыранның «Джипке» тиеп, қалаға тасып, күнделікті тіршілігін тындырып жүр.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.
Сырдария ауданы.

ӨНЕГЕ

Еңбегімен елге танылған

Соғыстың сұрапыл жылдарындағы аға буынның көрген бейнеті, шеккен азабы бүгіннің ыңғайында адам сенбес ертегіге айналды десек болғандай. Қиыншылықты бастан өткермеген, аштықты сезініп, тоңып-шашырамаған кейінгі ұрпаққа ол заманның зұлматы қайта оралмасын деп тілейміз. Иә, қан мен терді теңіздей тасытқан қасіретті күндерді еске түсіргенде, тарихтың қатпарлары ерліктің туын тік көтерген ерлердің еңбегімен қашалғанын аңғарамыз.

Арал теңізінің төсіндегі Бөген ауылының атағы жалпақ жұртқа мәшһүр. Құрыш қазақ Зейнолла Шүкіров туып-өскен елді мекен талай-талай атпал азаматтарды топырағында аунатып, толқынымен тербетті. Қиын-қыстау күндерде еңбектің ерен үлгісін көрсетіп, еліне қорған болған сондай азаматтардың бірі Нағымет Әбдікәрімов еді.

Нәкең дүние есігін ашқанда қылышынан қан тамған кеңестік саясат қазақтың ұлтым деген қаймақтарын оққа байлап, қынадай қырып жатқан шақ еді. Ол алты жасқа толғанда қара жерді қан сасытқан екінші дүниежүзілік соғыс басталып кетті. Осылайша құрық миіп, асық ойнар шағында бала Нағымет қара нарға жүк болар ауыр бейнетті арқалап есейді. Жеті сыныптық мектепті бітірген соң, Бөген ауылдық кеңесіне қарасты «Қарашалаң» балық колхозында есепші, 1950 жылдан бастап балық аулау жылымының звено жетекшісі болды. Жалпы, Нәкең өмірінің соңына дейін балық шаруашылығының ыстығына күйіп, суығына тоңған жан. Сондайлық жанкештілікпен еңбектің биігінен көріне білді, елінің ырыс-несібесі үшін аянбай тер төкті. Ол 1960-64 жылдар ішінде балық аулау бригадирі, 1964-88 жылдары «Көнебөген» балық колхозының жалпы бригадирі болып еңбек етті. 1988-1994 жылдар бедерінде Бөген балық зауытында директорлық қызмет атқарып, зейнетке шықты.

Балық аулаудың қыр-сырын білмейтіндер бұл кәсіпті жеңіл-желпі іс көруі мүмкін. Судағы өздігінен жүрген жануарға ау салып, жинап алғанда не машаһат бар дейді де! Қайдан білсін, балық та бес батпан бейнетпен қолға түсетінін. Біз осы тұста тарихқа сәл шегініс жасасақ дейміз. 1959 жылы «Қаратүп» және «Бөген» учаскесінің бірігіп, «Бөген» колхозы құрылды. Ал 1960 жылы қазан айында бірнеше колхоз біріктіріліп «Бөген балық аулау базасы» құрылды. Осы кәсіпорынның ел несібесін еселеген мақтаулы жетістіктері Нағымет сынды ағалардың тынымсыз еңбектерінің нәтижесі десек, қателеспейміз. Ол уақытта зауытта 6 еке, 70-ке тарта пластмасса қайық болатын, бәрі де «Сарытерең» атты айлақта су жағалай тұрушы еді. Қыз-қыз қайнаған тіршіліктің тұтқасы теңіз жарықтықтың толқыны ауыл ігілесіне соғып жататын. Сол 1960 жылдың өзінде «Базгослов» ауды алысқа ұзамай, үй артына салып 65 мың центнер балық аулады. Әрине, балықшылар еңбегі есепсіз қалған жоқ. Мәселен, Социалистік Еңбек Ері Төлеген Әлімбетов, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Әбдіраман Әбішев, Бапан Кемалов, Әлқуат Киікбаев, Мөңкебай Орынбасаров, Бихожа Андызбаев, өзге де балықшылардың есімі көпке үлгі болып, марапатталып жатты.

Жоғарыда айтып өткен ардагер балықшы Мөңкебай Орынбасаров Нағымет ағамен замандас, сыйласқан жан. Бірде ол Нағымет Әбдікәрімов жайлы өз естеліктерімен бөлісken болатын.

– Теңіздің дүрілдеп тұрған кезінде де, одан кейін қайта бастаған уақытта да балықты іздеп, көшіп аулауға үлкен мән берілетін. Әрине, су астындағы жануардың жайылымын дөп тауып, анда-мында көшіп жүру оңай емес. Оған төзімділік, білгірлік керек. Сондай бейнетті күндерде Нәкең бастаған бригадамыз әрдайым көптің алдында жүруші еді. Балықпен сөз байласып қойғандай үнемі ауларымыз несібелі болушы еді, - дейді Мөңкебай ағамыз. – Әй, несін айтасың, ол бір көрген түстей болған өмірдің белесі ғой. Нағымет жігіттің төресі ғой, қолынан келгенше аудың бос қалмауы үшін тыным таппайтын. Біз оған сенетінбіз, ол бізге сенетін. Үлкен-кішіге бірдей құрмет көрсететін, кішіпейіл ер еді. Қарауындағы балықшылардың отбасы жағдайына қарайласар, жүрегі жомарт, қолы ашық, қамқоршы бола білді. Көптің сөзін сөйлейтін, өтірік айтпайтын. Мен оның «біреудің ала жібін аттағаның» көрген емеспін, біз ғана емес, бүкіл халық Нағыметке құрмет көрсететін.

Нәкеңнің балық аулаудағы тапқыр шешім қабылдауының астарында оның теңіз қасиетін терең ұғынуында деп есептеуге болады. Мөңкебай қарт бізге мынадай оқиғаны да айтып берген еді: «1974 жылдың желтоқсан айында ауданымыздағы «Қамыстыбас» көлінде аудан бойынша 30-ға тарта жылым балықшылары жаттық. Сол жылы қысқа қарай қай тұсқа барсаң да балық түсімі аз болып, Арал балық комбинатының жылдық жоспары 2000 центнерге орындалмай тұрған болатын. Тіпті, басқа бригадалардағы атақты деген, мәселен, Нарғали Демеуов пен Қалабай Махамбетжановтардың жылымдарында әр тартқанда 10-15 центнерден артық балық шықпады. Алла өзі абыройсыздықтан құтқарғаны шығар, сол сәтте «Қосжардың» «Асаубай» атты майлығындағы менің звеномның жылымынан екі аптада 2000 центнерден артық балық сүзілді. Сонда бізді басқарып жүрген Нағыметке таңданбаған, риза болмаған жан болмады. Тағы бір ерлігі, 1977 жылы теңіз үстіне шыққан біздің балықшылар ыққан мұздың үстінде кетіп, өмірлеріне қауіп төнді. Сонда Нәкеңнің басқаруымен оларды аман-есен, құрал-саймандарымен бірге құтқарып қалдық».

Теңіз тартылған жылдары ауыл балықшылары Балқаш, Қапшағай, Ырғыз көлдеріне көшіп аулап атақәсіпті жалғастырды. Осындай мұз жастанып, қар төсенген қиын жылдарда ол өзінің бар күш-жігерін жұмысты ұйымдастыруға арнаған еді.

Нәкеңнің балық шаруашылығындағы көп жылғы тәжірибесі, іскерлігі мен ұйымдастырушылығы Бөген балық зауытын басқарған жылдары жарқырай көрінді. Сол жылдары өңірде тоғандап балық өсіру ісі белсенді қолға алынған болатын. Директор ауыл алдындағы Тұщы, Домалақ көлдерінен су алып, тоған жасап, оған жергілікті балықтарды өсірді. Бақпа балықтар да берекет көзіне айналды. Бұл да зауыттың өнімділігіне өріс ашып, күрделі кезеңде кәсіпті өркендетуге жол ашты.

Иә, ел ерен еңбек иесін ешқашан ұмытпақ емес. Нағымет Әбдікәрімовтің көп жылғы жемісті еңбегі үкімет тарапынан лайықты бағаланды. Ол «Ерен еңбегі үшін» мерекелік медалімен, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Құрмет грамотасымен және Социалистік жарыстың жеңімпазы төсбелгілерімен марапатталды. 1985 жылы Нәкеңе «Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағы берілді. Еңбек демалысына шыққаннан кейін де туған жердің қоғамдық өміріне белсене араласып, ел ағасы атанды. Ағаның өзі жоқ болғанымен, оның шаңырағындағы Кәмпит жеңгеміз ұлын – ұяға, қызын қияға қондырып шаңырағын биіктетіп отыр. Баяны мен Мақсұты дәрігер болса, Мұраты мұнай саласында, Алтынкүл мұғалім, Бекетайы туған ауылында жүргізуші болып абыройлы еңбек етуде. Елге белгілі Әбдікәрімовтер әулетінің ағасы саналатын Нәкең осындай өнегелі өмір кешті.

Бар ғұмырын іргелі салаға арнап, туған жерінің өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосқан қадірлі азамат Нағымет Әбдікәрімовке Арал қаласынан көше атауын беру тағылымды да өнегелі іс болар еді.

Нағымжан САУЯЕВ.
Бөген ауылы,
Арал ауданы.

Биылғы жылы еліміздің ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылғанына 25 жыл толады. Бұл жылдарда ол үлкен қалыптасу жолдарынан өтті. Мерекеге орай саладағылардың қиын да күрделі қызметінен хабардар етер тарихи оқиғаны оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.

ШЕКАРА БҰЗУШЫЛАР

Осыдан жиырма жыл бұрын, нақтылап айтқанда, 1997 жылдың қаңтар айының ортасында Арал қаласында Қазақстан шекарасын бұзған Ресей ұшқыштары ұсталып, жазасын алды. Кезінде еліміздің ақпарат құралдары бұл төтенше оқиға туралы жұртшылықты хабардар етіп, шулатқан болатын. Дегенмен, бұрын-соңды болмаған, әдеттен тыс оқиғаның қыр-сыры кезінде толық ашылмаған еді. Бүгінде сол жіберілген кемшілікті жетілдіруге мүмкіндік болып отыр. Оқиға былай болған еді.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті басқармасының Арал аудандық бөлімшесіне Судоверьф аумағындағы тұрғын үйлердің маңында айыратын белгілері жоқ екі шағын тікұшақ қонғаны және біреуі ақаулық жағдайда екені туралы агентуралық жедел ақпарат түседі. Бөлімше бастығы подполковник Қ.Өмірзақов алынған хабарды шұғыл түрде облыстық басқармаға жолдайды. Бұл ақпаратты тексеруге басшылар жұмысқа таяуда қабылданған жас тергеуші Н.Жүсіпов басқарған тергеу-жедел тобын дереу жіберді. Олар оқиға болған жерге келіп, егесіз тұрған тікұшақтарға тексеру жүргізеді. Алайда, істің мән-жайына толық ақпарат беретін дерек табылмайды. Тек, бір тікұшақтың кабинасынан ескіріп, тозығы жеткен КСРО картасы табылып, айғақ ретінде іске тіркеледі. Картада Қазақстан жерінің ой-шұңқырына дейін көрсетілген екен. Сонымен қатар, жақын жерде орналасқан үй тұрғындарынан сұрастыру кезінде бір-біріне қайшы бірнеше мәліметтер алынады. Куәлардың бірі тікұшақтың иелері жеке заттарын алып, оқиға болған жерді шұғыл тастап, белгісіз жаққа кетті десе, екіншісі Ресей ұшқыштары пойызға мініп, елдеріне қайтып кетті дейді. Тіпті, Байқоңыр қаласынан ұшып келген тікұшаққа мініп кеткендері туралы ел арасында сыбыс әңгімелер тарап жатқанын айтқандар да болды. Мұндай жағдайда әуежай, теміржол мен автокөлік трассасын бұғалықтау арқылы жауып, жедел-іздестіру шаралары жүргізілетіні белгілі. Бұл, әрине, стандартты жағдай. Десе де, көп жағдайда осындай шаралардың арқасында қылмыскерлер ұсталып жатады. Айтқандай, кешікпей бөлімше бастығы Қ.Өмірзақов «Арал теңізі» станциясынан ауыл тұрғындарына ұқсамайтын екі бейтаныс кісілердің «Алматы-Мәскеу» пойызына билет алғандарын анықтайды. Көп ұзамай ол екі азамат табылып, анықтау жұмыстарын жүргізу үшін ҰҚКБ-нің Арал аудандық бөлімшесіне жеткізіледі. Тексеру кезінде Ресей азаматтары А.Воробьев пен И.Кочикаев екені анықталады. Олар талай сыннан өткен бұрынғы әскери ұшқыштары екен. А.Воробьев Самара қаласында «Старатель» шағын кәсіпорынын ашып, әріптестері, зейнетке шыққан әскери ұшқыштар И.Кочикаев пен В.Фоминді жұмысқа қабылдаған. Осы үшеуі МИ-2У маркалы үш тікұшақты басқарып, Ресейдің Орынбор қаласынан Арал ауданына қасқыр мен басқа жабайы аңдарды атып алуға ұшқандарын, жолай бір тікұшақ ауа райына байланысты Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Тоғыз станциясы аумағында құмбезге соғып апатқа ұшырағанын, қалған екеуі жанармайы таусылып, Арал қаласының маңына конуға мәжбүр болған. Олар түнде бейтаныс Әбіловтің үйіне қонады. А.Воробьев тергеушіге берген жауабында Арал ауданына «Жақсыбай» есімді азамат телефон арқылы аңшылыққа шақырды деп, келген себептерін дәлелдеуге тырысты. Әбден күтіп күдер үзгеннен кейін Самараға қайтудың жолын қарастырады. Сатып алған жанармайларының сапасы төмен болды ма, әйтеуір тікұшақтары от алмайды. Әрең дегенде бір ұшақты от алдырып, екеуі мінгесіп ұшады. Бірақ 5-6 метрге көтерілмей жатып, моторы өшіп тікұшақ жерге құлап түскен. Сөйтіп, көліктерінен әбден берекесі кетіп, елдеріне пойызбен қайтудың әрекетіне кіріседі.

Кешікпей тергеу бөлімінің бастығы Ә.Нысанқұлов қылмыстық

істің күрделігіне және тексеру жұмыстарының қиындығына байланысты тергеушіні ауыстырды. Әрі қарай тергеу амалдарын осы жолдардың авторы жалғастырды. Бірінші кезекте жедел-іздестіру жұмыстары күшейтілді. Келіп түскен мәліметтердің бірінде А.Воробьев 1997 жылдың жаз айларында белгісіз себептермен Байқоңыр қаласына автокөлікпен келіп кеткені туралы айтылған еді. Сондықтан да, Ресей ұшқыштары Байқоңыр қаласынан контрабандалық жолмен әскери техника немесе әскери дүние-мүлікті алып шығуға келген шығар деген болжам болды.

Кеңес өкіметі ыдырап, республикалар егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болды. Мемлекет басшыларының келісімі бойынша Кеңес Одағының дүние-мүлкітеріне (солардың қатарында әскери ұшақтар мен ядролық қару-жарақтар болды) орналасқан жеріне байланысты республикалар ие болды. Соған қарамастан Ресей кейбір әскери техникасын Қазақстаннан жасырын әкетіп жатты. Сондай оқиғаның бірін кезінде баспа беттері жариялаған еді. Өнтүстік Қазақстанда МИГ-29 ұшақтан құралған полк орналасқан болатын. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін аталған ұшақтар Қазақстан меншігі болып қалған. Алайда, көп ұзамай ұшқыштары контрабандамен айналысып жүрген болуы керек деген тергеу нұсқасының туындауына негіз бар еді.

Тергеу барысында А.Воробьев 1996 жылы әуе кемесімен Батыс Қазақстан облысына Ресейден заңсыз ұшып келіп, бір ай бойы қасқыр мен қабан аулап, 12-15 мың доллар пайда тапқанын мойындады. Сондай-ақ, сол жорыққа 200-дей адам қатысқанын айтып, үйлеріне ондаған жабайы аңдарды ала қайтқаны туралы мәлімдеді. А.Воробьев Арал ауданында қасқыр және басқа жабайы аңдар көп, сол жануарларды аулауға келгенде көліктері бұзылып, қолға түсіп қалғандарына қынжылыс білдірді. Тексеру кезінде А.Воробьевтің берген жауабы расталды. Орал қаласының көлік прокуратурасы 1996 жылы А.Воробьевтің Ресейден заңсыз ұшып келгеніне байланысты ҚР Қылмыстық кодексінің 70-бабымен қылмыстық іс қозғап, кейіннен оның әрекетінде қылмыс құрамы жоқ деген негізбен, қылмыстық істі қысқартқан екен. Осыдан кейін А.Воробьев пен И.Кочикаевтың үстінен қозғалған қылмыстық істің соты жататындай келешегіне айтарлықтай күмән пайда болды. Осының алдында қылмыстық іске жедел-іздестіру жағынан жетекшілік еткен басқарма бастығы полковник Ә.Бәкіровтың «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы мен әуе кеңістігін бұзғаны» үшін ұсталған ұшқыштарға екі бірдей қосымша айып тағу керек деп, ұсыныс білдірген болатын. Алайда, облыстық прокурор айыпкерлерге тағылып отырған «Халықаралық ұшу ережелерін бұзу» туралы жалғыз айыптың өзіне күмән келтірді. Жоғарғы жақпен кеңесіп, ақылдасты. Ақырында, А.Воробьев пен И.Кочикаев Орынбор облысынан тиісті органдардың ұшу үшін белгіленген тәртіпті бұзып, тиісті рұқсатсыз, әуе кемелерін пайдаланушылардың куәлігінсіз, борттық және ұшу құжаттарынсыз, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тиісті органдарының келісімінсіз, өз беттерімен ұшу бағытын, әуе дәлізін, ұшу биіктігін таңдап ұшқанын ескеріп, алдын ала тергеу амалдарын жалғастыруға рұқсат берді. Расында, аталған ұшқыштардың бұл қылмыстық іс-әрекеттері Ресей және Қазақстан әуе кеңістігінде әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне нақты қауіп-қатер туғызғаны анық еді. Дегенмен, Ресей мен Қазақстан арасындағы шекараны айқындайтын құжаттары ол кезде болған жоқ. Демаркация және делимитациялау жүргізіліп, шекара белгілері орналастырылмағандықтан қылмыстық істің келешегіне өзіміз де күмәнданған едік. Жасыратыны жоқ, қалалық соттың төрағасы А.Ғаниевпен кездесіп, қылмыстық іс бойынша ақылдастық. Оның үстіне тергеу изоляторында қамауда жатқан А.Воробьев қамалғанына наразылық білдіріп, «аштық» жариялап, жан-жаққа арыздар жазып, жауап беруден бас тартып, тергеу амалдарының уақытында және өз деңгейінде жүргізуіне кедергілер жасап жатты. Алдын ала тергеу кезінде Минск қаласында бекітілген қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы 1993 жылғы келісім негізінде Самара облысының чекистерімен тиісті өзара іс-қимылын орнатып, тергеу амалдарын жүргізген едік. Нәтижесінде, А.Воробьевтің Ресей әуе аумақтарында әуе кемелерімен бірнеше рет заңсыз ұшқаны үшін прокуратура мен қауіпсіздік органдарынан ескертулер алғаны туралы ресми құжаттары алынып, айыпкерлердің жауапкершілігін ауырлататын мән-жайлар ретінде қылмыстық іске тіркелді.

Расын айтқанда, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қылмыстық кодексінің 70-бабына сәйкес (ҚР Қылмыстық кодексінің ескі редакциясында былай делинген: «Халықаралық ұшу ережелерін бұзу») Ресей ұшқыштарын қылмыстық жауапкершілікке тартып, тәуекелге барған еді. Себебі, бұл ТМД елдерінде жұмыс істемейтін баптардың бірі болатын. Сондықтан да, тергеушілерге аталған қылмыстық істі тергеу оңай болған жоқ. Өйткені, тәжірибесінде болмаған және тергеу әдістемелігінен де бейхабар еді. Айта кету керек, тергеу барысында Қызылорда әуежайының әскери секторының, «Қазаэронавигация», АҚ «Сыр сұңқары» және басқа да жоғары білікті ұшқыш мамандарының берген кеңестері мен түсініктемелері заңды шешім қабылдауға айтарлықтай көмек болды.

Қызылорда облыстық соты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 70-бабымен қараған А.Воробьев пен И.Кочикаевтың қылмыстық іс-әрекеттерін дәлелдейтін деректер жеткіліктi және заңды деп тауып, әрқайсысын 2 жылға бас бостандығынан айырып, заңсыз пайдаланған тікұшақтарын тәркіледі.

Марат БАЛҒАРАЕВ,
ҰҚК-ның запастағы подполковнигі.

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

ШАЙЫРЛАР ТУРАЛЫ ШАБЫТТЫ ТУЫНДЫ

Сыр өлкесі – өркениетке өз үлесін қосқан өңірдің бірі. Осы өлкеде ғұмыр кешкен ақын-жыраулардың рухани мұраларын жарғақ құлағы жастыққа тимей жинап жүрген жандардың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор Тоқболат Еңсегенұлы.

Ол «Аталы сөздің атан түйеге тататынын» облыстық басылымда еңбек еткен шағында-ақ бағамдай білді. Сол кезден бастап шашылып жатқан сөз маржанын жинап, есімдері тасада қалған шайырлардың шығармаларын баспасөзде насихаттаушылардың бірі болды. Егер газет тігінділерін парақтар болсақ, ғалымның ұлтымыздың мәдени мұрасын тірнектеп жинап қана қоймай, оларды жергілікті басылым беттерінде де насихаттап отырғанын көрер едік.

Автор құйма құлақ карттардан жинап-тергенін дүниелерін жинақтап сонау 2000 жылы «Сыр бойы ақын-жыраулары» деген атаумен баспадан шығарды. Академик С.Қасқабасов «Әдеби өлкенің кеншісі» деген мақаласында: «Әсіресе, Ә.Оспанұлының, Қ.Сыдықұлының, Т.Еңсегенұлының өз өлкелерінде өмір сүрген ақындар туралы жазған еңбектері қазақ әдеби өлкетануының қалыптасуына үлкен үлес болды», – деп оң пікір танытқаны бар. Иә, бұл еңбеке орнықты пікірлер кезінде айтылды. Кітап авторы Сыр бойын мекенденген 23 ақын-жыраудың шығармасын жинап, жоғарыда аталған жинаққа енгізген еді.

Жақында Тоқболат Еңсегенұлының «Сыр бойы ақын-жыраулары, олар жасаған шығармалар ерекшелігі» (Алматы: «Тоғанай Т», 2016) атты ғылыми-зерттеу жұмысы жарыққа шықты. Автор мұнда 100-ден астам әдебиеттің көрнекті өкілдерінің рухани мұрасын жинастырып, осы еңбекке енгізген. Бастысы, 20-дан астам ақын-жыраудың есімін айқындап атап, 40 ақынның шығармасына арнайы шолу жасаған, тағы 45 ақын-жыраудың творчествосына ғылыми талдау жасалыпты. Айрықша еске салатын нәрсе, ақын-жыраулардың шығармаларын жинап, зерттеу жасағанда бұрын көбіне осы аймақтағы Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарында өмір сүрген талант иелері жайлы кең көлемде сөз қозғалатын. Мына еңбекте Қазалы, Арал өңірінде ғұмыр кешкен ақындардың шығармалары да қамтылған. Шайырлар шығармашылығының басты қасиеті – халықтың педагогиканың көлемді де көркем күмбезін тұрғызуымен ерекшеленеді.

Әдебиетіміздің ең бір төгімді тұсы болып табылатын XIX ғасырда, XX ғасырдың басында жасаған бұқарашыл ақындар шығармашылығына арналып отырған бұл еңбек кіріспеден және үлкен бөлімнен тұрады. Кітаптың кіріспесінде: «Бұл ақын-жыраулардың рухани мұраларының көлемі де, мәні, мазмұны, өміршеңдігі әрқилы, солай десек те олардың жасаған шығармаларын жас ерекшеліктеріне қарай ретімен орналастырылды. Ал жүйелеп зерттеу барысында көркемдік деңгейі жоғары туындылар жасаған атақты ақын-жыраудың мұралары алдыңғы қатарға шығарылды», – деп көрсетілген.

XIX ғасырда өмір сүрген ақын-жыраулардың ішінде Балқы Базардың әдебиетімізде өз орны бар. Ол өзінің жүрек тебірентерлік толғауларымен Сыр бойынан бастап Еділ, Жайық, Үстірт, Қарақалпақ өңіріне белгілі болған. Оның ақындық қызметін автор: «Сөзбен салған сұлу сурет, терең ой», «Тауды тау көреді» және «Балқы Базардың өсиет толғаулары» деген шағын үш тарауға бөліп беріпті. «Тауды тау көреді» деген тарауда ақын шығармаларына талдау жасау барысында М.Жұмабаевтың 1923 жылы «Ақжол» газетінде жарияланған «Базар жырау» атты еңбегінде оның поэзиясына айрықша көңіл бөліп: «Кеңесі кеңінен келетін ақын екендігі өлеңдерінен байқалады», – деп тұжырым жасағанын алға тартып, шын мәнінде, дара тұлғалардың әділ, терең ойшылдығын еске салып өтеді.

Иә, Базар ақынның Сыр бойы ақын-жырауларының көш бастаушысы болды. Ешнияз сал, Дүр Оңғар, Қарасақал Ерімбет, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары мен Тұрмағамбет сынды таланттар Базарды ұстаз тұтқан. Кітапта өзге ақын-жыраулар «Жүзден озған өрен жүйрік» атанған Базар ақыннан соң ретімен орналастырылған. Жалпы, Т.Еңсегенұлы зерттеуге алған барлық шайырлардың шығармаларына жүйелеп талдау жасаған. Олардың әрқайсысын жеке-жеке зерттеп, ғылыми негізде бағасын беріпті. Байыптап қарасақ, мұндай көлемді еңбекті жария ету жанкештілікті талап етеді.

Сыр сүлейлерінің ғұмырдерегі мен тасада қалған жыр-дастандарын автордың жалықпай жинауы – оның еңбекқорлығының дәлелі дер едік. «Сөз асылы – елде, кен асылы – жерде» демеуші ме еді дана жұртымыз. Ол соңына есімдері аңыз болып қалған жыршы-жыраудың туындыларын көне көз шежірешіл карттарымыздың көзі тірі кезінде қағазға түсіріп үлгірді, жалықпай архив ақтарды. Мұның өзі тынымсыз, табанды еңбекті қажет ететіні белгілі. Зерттеу еңбек көмекші оқу құралы ретінде ғылыми қызметкерлер мен студенттерге, жалпы көпшілік қауымға арналған.

Р.АРЫСТАНБАЙ.

АСҚАРЛЫҚТАР АЛҒАН АСУ

Ақиық ақын Асқар атындағы ауылдағы шаруашылық еңбеккерлері былтырғы жылды табысты қорытындылады. Табыс оңайлықпен келмейтіні белгілі. Бұл шаруашылық бұдан 4-5 жыл бұрын әбден тұралаған еді. Тіпті егіннің егілмей қалу қаупі де туған болатын. Облыс, аудан әкімдерінің қолдауы мен қамқорлығының арқасында қайта еңсе тіктеді.

Он шақты жылдан бері ауыл тұрғындары меншіктеріндегі жердің қызығын көрген жоқ. Тек былтыр мол өнімге қол жеткізді. Ауыл жеріне егін салған кәсіпкер Меңдігали Есжанов соңғы екі жылдан бері етене жұмыс жасап келеді. «Жаратқан жомарттың пейілше береді» дегендей, өткен жылдың өзінде ауыл халқына 7-8 млн теңгенің қайырымдылық көмегін жасады. Мешітке, бірнеше әлеуметтік нысандарға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді. Күріштікке су келетін каналдар да кәсіпкердің демеушілігімен қазылды. Енді болашақтың еншісіне деп ауылдан дүкен, монша, шаштараз ашып, жастар саябағын салуды жоспарлап отыр.

Диқан әулеті қашанда дәулет пен ырыстың көш басында десек, шаруашылық басшысы жыл есебін берген кезде еңбек озаттарын марапаттады. Мәселен, «Озат бригадир» номинациясына 201 гектар алқаптан 62 центнерден өнім алған Бақыт Жылқыбаев ие болды. Оған жарты миллион теңге сыйақы берілді. Мәндай терін тамшылатып, алқапта ала жаздай еңбек еткен 11 күрішші-сушы озаттар қатарынан көрінді. Олар Жұмағали Смайлов, Зейнолла Уайсов, Нұрлан Жүзтаев, Сәбит Тұяқбаев, Алмас Жәрекеев, Руслан Жылқыбаев, Темір Қалмақов, Мұхамбетәлі Уайдаев, Қалжан Бекішов, Серік Жақыпов және Жомарт Шораев. Озат диқандар 100 мың теңге мен 600 мың теңге аралығында қосымшаға ие болып, сыйлыққа теледидар, тоңазытқыш, ас үй жиһаздарын алды. Механизаторлар арасынан Марал Бекжанов «Озат жаткист», Алмат Жасағанбергенов «Озат комбайншы», Бағдат Жасағанбергенов «Озат тасымалдаушы», Әубәкір Маханбетов «Озат бағбан» номинацияларымен марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды. Мұнан соң марапаттау рәсімін ауыл ардагерлері жүргізді. Ауылдың ардагерлер кеңесінің төрағасы Пернебек Әлиакбаров 40 центнерден жоғары өнім алған 10 күрішші-сушыға, ауылдық қоғамдық кеңестің төрағасы Барзубек Жылқыбаев 30 центнерден жоғары өнім алған 7 сушы-күрішшіге бағалы сыйлықтар тапсырды. Сондай-ақ, еңбек ардагері Злиха Сыздықова 10 озат механизаторды марапаттады. Ал, еңбек ардагері Жақсылық Жәрекеев науқан кезінде екпінді еңбек еткен 10 дәнекерлеуші мен жұмысшыға бағалы сыйлықтар табыс етті. Еңбек ардагерлері Ортай Есжанова, Мәді Әбілқайыров 33 қырман жұмысшысын, мамандарды, шөп бригадасында еңбек еткендерді марапаттады.

Осылайша, шаруашылық әр гектардан 60 центнерден өнім алынып, ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына толымды тарту жасады.

– Бұл ауылдың, шаруашылықтың 2005 жылдан кейін жеткен жетістігі. Бұған баршамыз қуаныштымыз. Өйткені, бүгінгі күрішші-механизаторлар – атақәсіпті жалғастырып келе жатқан жастар. Олар биыл сенім биігінен көрінді. Осы жылы да көрсеткіш қайталанады деген сенімдеміз, – дейді еңбек ардагері З.Сыздықова.

«Қарны ашқанға балық берме, қармақ бер» деген. Сол айтқандай, іскер басшы Меңдігали Есжанов ауылдың жұмыссыз жастарының қолдарына бір-бір «қармақ» ұсратты. Нәтиже қуанарлық дәрежеде.

Көптен күткен жетістікке қол жеткізген асқарлықтар осылайша жаңа жылды толымды табыстармен қарсы алды.

Шахарбек НҰРСЕЙІТОВ.
Сырдария ауданы.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДА ЖЕТІСТІК КӨП

Жастарға кәсіптік-техникалық білім беру, нарық қатынасын орнықтыру, шағын және орта бизнесті дамыту, заман талабына сай бәсекелестікке төтеп бере алатын, жан-жақты іскер жұмысшы мамандарын даярлау – бүгінгі күннің басты талабы. Осы талапты орындауда техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарына үлкен міндеттер жүктелген. Қазіргі таңда кәсіптік және техникалық білім беру жүйесін индустриалық-инновациялық даму бағдарламасына сай жетілдіру үрдісі жүріп жатыр.

Облыс көлемінде техникалық және кәсіптік білім беретін 8 колледж базасында ауыл шаруашылығы мамандары даярланады. Оның ішінде ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын Қазалы аграрлы-техникалық колледжі «РЗА» акционерлік қоғамымен бірлесіп, баскаруды жүзеге асырып келеді.

Іргелі ұжымда Қазалы аграрлы-техникалық колледжінде нақты кезеңде дуальды оқыту жүйесі эксперимент түрінде жүргізілуде. Сонымен қатар, колледж 2013 жылдан бері «E-learning» электрондық оқыту жүйесінде жұмыс жасап келеді. Осы бағытта 60 педагог өз білімдерін жетілдірді. Алдағы оқу жылында жаңа мамандықтар ашып, колледждің имидждік көтеруді көздеп отыр. Танымал және сұранысы жоғары мамандықтың бірі бұл – тігінші мамандығы. Әрине, тігіншінің шығармашылық біліктілігімен қатар, жұмысында табысты болуы үшін теориялық бастапқы білімі болу керек. Сондықтан да қазіргі таңда ауданымызға қажетті жаңадан ашылатын «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу» мамандығы бойынша лицензия құжаттары әзірленуде, тігінші мамандығының материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында қажетті құрал-жабдықтарға тапсырыс берілуде.

Қазіргі таңда Қазалы аграрлы-техникалық колледжінде 487 жас білім алады. Оларға 65 педагог дәріс береді. Талабы таудай жастардың қанатын кеңге салып, бағыт-бағдар сілтеп отырған ұстаздардың да еңбегі зор. Оқу орнында «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Пісіру ісі», «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету», «Үйлер мен құрылымдарды салу және пайдалану», «Ішкі санитарлық-техникалық құрылғылар мен вентиляцияны монтаждау және пайдалану», «Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану» «Ауыл шаруашылығы техникаларына қызмет көрсету және жөндеу», «Ферма шаруашылығы», «Ветеринария» мамандықтары бойынша мамандар даярланады. Барлық мамандықтар бойынша жалпыға бірдей білім стандарттары мен мемлекеттік лицензиялар алынған. Яғни, барлығы талапқа сай.

Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің ғимараты 1985 жылы пайдалануға берілген. Типтік 3 қабатты оқу ғимараты 540 оқушыға арналған, 1 қабатты оқу шеберханасы 180 оқушыға, барлығы 720 оқушыға арналған. Биылғы жылы облыс

әкімі Қ.Көшербаевтың қолдауымен осы уақытқа дейін бірде-бір рет күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген колледжімізге 136 млн теңге қаржы бөлініп, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Колледж осыған дейін бұрынғы лицей базасында жұмысшы мамандарын даярлап келсе, қазіргі таңда, интеграцияланған екі деңгейлі білім беруді жүзеге асыруда. Облыс әкімінің тапсырмасымен биылғы жылы бірінші рет жұмысшы мамандарын даярлауға қосымша 300 орын жергілікті бюджеттен мемлекеттік тапсырыс бөлініп, 11 сыныпты бітірген түлектердің жұмысшы мамандығын алуына мүмкіндік жасалып отыр.

Колледжде дуальды оқыту жүйесі бойынша бірнеше мамандықтар эксперимент түрінде жүргізілуде. Оқу бағдарламасы, оқу-жұмыс жоспарлары талқыланып, оқу сағаттары, оқу кестесі талапқа сай жасалынған. «Техниканың тілін біл» қағидасымен жаңа техника мен технологияны жіті меңгерген оқытушылар мен өндірістік оқу шеберлері топтастырылды. Колледж мамандары «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы Қызылорда филиалында білімдерін жетілдірсе, 10 инженер-педагог маман Белоруссия астанасы Минск қаласында тағлымдамадан өтіп келген.

Әлеуметтік серіктес арқылы жас мамандарды ерте кезден өндіріске тарту болашақ мамандардың еңбек тәжірибесінің қалыптасып, жұмысқа орналасуына септігін тигізетіні анық. Осы орайда колледж өңірде өнімді жұмыс жасап жатқан «РЗА» АҚ, «Рза-Асыл түлік» ЖШС, «Рза-Агро» ЖШС, «Рза-Транс» ЖШС, «Жылу-ХХІ» ЖШС, «Сыр маржаны» ЖШС, «Жалаңтөс» ЖШС, «Мерей» ЖШС, «Намыс-құрылыс» ЖШС, «Қазалы-Жолшы» серіктестіктерімен әлеуметтік байланыс орнатып, мамандарды машықтандыруда. Мәселен, өткен оқу жылында жоғары курс студенттері күздік кәсіптік дағдыларға ие болу тәжірибесіне жіберілді. Іс-тәжірибе барысында жастар күріш жинау, егін жинауға техника дайындау, спорт комплексіне дәнекерлеу, құрылыс жұмыстарын жүргізу, жол салу, жылу жүйелерін жүргізу жұмыстарымен қатар, кәсіпкерлік нысандарында, көктемдік кәсіптік дағдыларға ие болу, ветеринариялық егу, тел төлдету, жемдеу жұмыстары бойынша тәжірибе жинақтады.

Аймағымызда жұмысшы кадрларды даярлау – бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі. Осыған байланысты тиісті жұмыстарды жасау – біздің алға қойған басты міндетіміз.

Темірбек ИСМАЙЛОВ,
Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің директоры.

Герман Степанович КИМ

2017 жылдың 11 қаңтарында Сыр өңіріне белгілі тұлға, құрылыс саласының майталманы, жаны жайсаң азамат Герман Степанович Ким өмірден озды.

Г.Ким 1949 жылдың 7 мамырында Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Авангард» кеңшарында дүниеге келді. 1966 жылы орта мектепті, 1971 жылы Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтын аяқтағаннан кейін, еңбек жолын №29 жылжымалы мехколоннасында шеберліктен бастады. Одан кейін құрылыс мекемесінде прораб, аға прораб болып еңбек жолын жалғастырды. 1976 жылы №30 жылжымалы мехколоннаның бас инженері, кейін бастығы болып қызмет атқарды. 1982-1986 жылдары Герман Степанович №31 жылжымалы мехколоннаға басшылық жасай жүріп, жоғары өндірістік нәтижелерге қол жеткізді. Сол жылдары білікті басшының шебер ұйымдастырушылық қабілеті нәтижесінде құрылыс жұмыстарының көлемі екі есеге өсті.

1986 жылы «Қызылордастрой» тресінің бас инженері, 1987 жылы «Қызылордамелиорация» өндірістік құрылыс бірлестігінің бас инженері, бірлестік бастығының бірінші орынбасары ретінде оның білікті басшы, шебер ұйымдастырушы ретіндегі қабілеті жаңа қырынан көрінді. Сол жылдары бірлестіктің өндірістік көрсеткіштері жоспардан асыра орындалып, саланың жұмысшы-қызметкерлер саны 20 мың адамды құрады. Г.Ким 1992 жылдан бастап кәсіпкерлік салада белсенді еңбек етті. Ол құрған «Альянс» ЖШС Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосты. 2004 жылдың қорытындысымен Г.Ким облыстың құрылыс саласы номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

Г.Ким облыс орталығында көпқабатты тұрғын үйлер, өзге де әлеуметтік нысандар, Байқоңыр қаласында перзентхана құрылыстарының сапалы әрі талапқа сай жүргізілуіне сүбелі үлесін қосты. Құрылысшы, гидротехник ретінде бірнеше жобаларды жүзеге асырды.

Герман Степанович – өнегелі отбасының отағасы.

Г.Кимнің өнегелі өмір жолы, жарқын бейнесі Сыр жұртшылығының жадында ұзақ уақыт сақталатын болады.

Қызылорда облысының әкімдігі,
облыстық мәслихат, «Нұр Отан»
партиясының облыстық филиалы,
облыстық қоғамдық кеңес және
облыстық ардагерлер кеңесі.

Марқұммен қоштасу митингісі 14 қаңтар, сағат 10.00-де «Сәулет» шағын ауданы 1-участок, 22-үйде өтеді. Асы сол күні сағат 13.00-де «Орда» мейрамханасында болады.

Бақұл бол, аяулы әріптес

Үстіміздегі жылдың 11 қаңтарында ардагер ұстаз, білікті қаржыгер, медицина саласына, оның ішінде перзентхананың дамуына зор үлес қосқан әріптесіміз Есімқұлова Күлжамила Әйімбетқызы өмірден озды.

Күлжамила Әйімбетқызы 1947 жылдың 23 маусымында Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Айдарлы ауылында дүниеге келген. 1967 жылы Шымкент қаласындағы кооперативті техникумын есепші мамандығы бойынша бітіріп, 1967-1968 жылдары Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы шаруашылық есептегі құрылыс-монтаж учаскесінде есепші болып еңбек жолын бастаған. 1968-1969 жылдары Қазалы ауданындағы аудандық білім беру бөлімінде есепші, 1969-1973 жылдары әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде бас есепші, 1973-1982 жылдары Қазалы аудандық ауруханасының бас есепшісі, 1982-1984 жылдары Қызылорда қалалық білім беру саласының №2 орталықтандырылған есеп бөлімінде есепші, 1984 жылдан өмірінің соңына дейін Қызылорда облыстық біріккен перзентханасында есепші, аға есепші, экономист, бас есепші, бас дәрігердің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары лауазымдарында абыройлы қызмет атқарды. Медицина саласында атқарған еңбегі ескерусіз қалмай, «Социалистік еңбек жеңімпазы» төсбелгісімен, облыстық, қалалық денсаулық сақтау басқармаларының және облыстық перинаталдық орталығының Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Күлжамила Әйімбетқызы кішіпейіл, ақжарқын, жұмсақ мінезімен ұжымдастары ортасында сыйлы болды. Қандай да қызмет атқармасын, өз ісін жақсы білетін маман, ақылшы ұстаз екендігін білдірді. Отбасында аялы жар, балаларының ардақты анасы, немерелерінің сүйікті әжесі бола білді. Абзал апамыздың жарқын бейнесі ұжымдастары жүрегінде сақталады.

Қош бол, ардақты да аялы әріптес. Жатқан жеріңіз жайлы, иманыңыз жолдас болсын.

Облыстық перинаталдық орталығы ұжымы.

ЖОБА

2017 жылы Қызылорда облысы спортшыларының әлеуметтік қорғалуы мәселелері туралы

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2017 жылы спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларды) құрамына кіретін Қызылорда облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ, спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында ойнайтын Қызылорда облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне осы қаулының қосымшасына сәйкес ай сайын ақшалай үлес төленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.Р. Рүстемовке жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының
әкімі **Қ. Көшербаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы «___»_____№___қаулысына
қосымша

2017 жылы спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларды) құрамына кіретін Қызылорда облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ, спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командаларды) құрамында ойнайтын Қызылорда облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайын ақшалай үлес

Жарыстардың атаулары	Алған орны	Ай сайын ақшалай үлес мөлшері
Жазғы, қысқы Олимпиада, Паралимпиада ойындары	1-орын	2075 АЕК
	2-орын	1500 АЕК
	3-орын	1000 АЕК
	4-орын	300 АЕК
	5-орын	200 АЕК
	6-орын	100 АЕК
Жазғы, қысқы Сурдлимпиада ойындары	1-орын	1500 АЕК
	2-орын	1000 АЕК
	3-орын	300 АЕК
	4-орын	200 АЕК
	5-орын	100 АЕК
	6-орын	80 АЕК
Әлем чемпионаты (олимпиадалық, паралимпиадалық спорт түрлері бойынша) ересектер арасында	1-орын	550 АЕК
	2-орын	500 АЕК
	3-орын	300 АЕК
Әлем чемпионаты (олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша) ересектер арасында	1-орын	150 АЕК
	2-орын	100 АЕК
	3-орын	80 АЕК
Жазғы, қысқы Азия, Параазия ойындары, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары, Дүниежүзілік универсиада	1-орын	180 АЕК
	2-орын	150 АЕК
	3-орын	120 АЕК
Жасөспірімдердің жазғы, қысқы Олимпиада ойындары	1-орын	150 АЕК
	2-орын	100 АЕК
	3-орын	80 АЕК
Азия чемпионаты (олимпиадалық, паралимпиадалық спорт түрлері бойынша) ересектер арасында	1-орын	100 АЕК
	2-орын	80 АЕК
	3-орын	60 АЕК
Азия чемпионаты (олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша) ересектер арасында	1-орын	60 АЕК
	2-орын	50 АЕК
	3-орын	40 АЕК
Әлем Кубогі, әскерилер арасында Әлем чемпионаты (олимпиадалық спорт түрлері бойынша)	1-орын	100 АЕК
	2-орын	80 АЕК
	3-орын	60 АЕК
Әлем чемпионаты (олимпиадалық спорт түрлері бойынша) жастар арасында	1-орын	80 АЕК
	2-орын	70 АЕК
	3-орын	60 АЕК
Әлем чемпионаты (олимпиадалық емес спорт түрлері) жастар арасында	1-орын	60 АЕК
	2-орын	50 АЕК
	3-орын	40 АЕК
Азия чемпионаты (олимпиадалық спорт түрлері бойынша) жастар, жасөспірімдер арасында	1-орын	60 АЕК
	2-орын	50 АЕК
	3-орын	40 АЕК
Азия чемпионаты (олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша) жастар, жасөспірімдер арасында	1-орын	45 АЕК
	2-орын	35 АЕК
	3-орын	25 АЕК
Қазақстан Республикасының чемпионаты, Қазақстан Республикасының жазғы, қысқы Спартакиадасы (олимпиадалық спорт түрлері бойынша), Қазақстан Республикасының Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары	1-орын	60 АЕК
	2-орын	50 АЕК
	3-орын	40 АЕК
Жазғы, қысқы Жастар ойындары, Қазақстан Республикасының чемпионаты, (олимпиадалық спорт түрлері бойынша) жастар арасында	1-орын	35 АЕК
	2-орын	25 АЕК
	3-орын	20 АЕК

Аббревиатураның толық жазылуы:
АЕК – айлық есептік көрсеткіш

100 сұрақ – 100 жауап

– Медициналық жұмыскерлердің еңбекақысын арттыру тетігі қандай? Қандай көздерден бұны жасау көзделген?

– МӘлМС жағдайында әрбір медициналық ұйым еңбекке ақы төлеу мәселесінде сараланған әдісті енгізе алады, персоналдың материалдық ынталандыру үлгісін өз бетінше қалыптастыра алады.

Бұл таныған кәсіпқойлар, тәжірибелі жоғары білікті дәрігерлер, қазіргіге қарағанда, көбірек еңбекақы алады дегенді білдіреді. Медициналық ұйым менеджменті емханалардың табысты қызметі мен қаржылық-әл-ауқаты жоғары санатты мамандарды тартуға байланысты болатынын түсіну керек. Осындай еңбекке ақы төлеу тетігі жеке медицина секторында бұрыннан бері қолданылады және өзінің тиімділігін дәлелдеді. Практикада бүгінгі таңда көптеген пациенттер емделу мен консультация үшін, сәйкесінше лайықты материалдық қамтамасыз етуді алуға тиіс мәртебелі дәрігерлерді таңдайтыны күпия емес. Әлеуметтік сақтандыру жүйесінде жұмыскерлердің еңбегін ынталандыратын осындай тетіктер болады, өйткені медициналық қызметтердің сапасы мен қорытынды нәтиже МӘлМС-тің негізгі мақсаттары болып табылады.

– Медициналық қызмет сапасын бағалаудың қандай критерийлері болады?

– Қор қолданатын критерийлердің негізгі тобы пациенттердің қауіпсіздігі, клиникалық және экономикалық тиімділік, медициналық қызметтерге өнім берушілер арқылы құнды көрсеткіштер мен индикаторларға қол жеткізу.

– МӘлМС енгізу бойынша пилоттық өңірлер болады ма және олар кімдер?

– МӘлМС енгізу Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде бір уақытта жүргізіледі, сондықтан пилоттық өңірлердің болмайтынын білдіреді.

– ӘлМСҚ қаражаттарын бөлудің айқындылығы қалай қамтамасыз етіледі?

– Қазіргі уақытта, жаңа модельде теңгерімділіктің және Қордың тұрақтылығын қамтамасыз етудің жаңа макроэкономикалық құралдары ескерілген тәрізді, сонымен бірге қаражатты жинау мен бөлудің айқын жүйелері де ескерілген.

Бастапқы кезеңде, қаржылық есептілікті жариялау жөніндегі стандарттық талаптармен қатар, Қор қызметінің айқындығын арттыру механизмдері әзірленеді.

– Медициналық сақтандыру қорының конкурсына қатысу үшін медициналық ұйымда ақпараттық жүйенің болуы міндетті ме?

– Денсаулық сақтаудың жаңа электрондық жүйесі ұйымдастырылады, оның шеңберінде Сіздің жеке кабинетіңіз болады. Ол жерде емханаға бару, стационарда емделу, тексерулер мен анализдердің нәтижелері, дәрігерлердің қорытындылары және олардың ұсынымдары туралы барлық ақпарат болады.

– ӘлМСҚ қызметіне қоғамдық бақылау қамтамасыз етіледі ме?

– Бақылауды қамтамасыз ету тетіктерінің бірі «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» заңда бар – бұл Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі бірлескен комиссия. Бұл комиссия ДСӘДМ, ӘЛМСҚ, қоғам өкілдері арасындағы диалогтік келісім алаңына айналады. Қоғамдық бақылау аталған комиссияның құрамына дәрігерлер мен пациенттер қауымдастықтарының және өзге де ҮЕҰ өкілдерін міндетті түрде енгізу арқылы жүзеге асырылады.

ӘлМСҚ жарғысында сондай-ақ, Қоғамдық кеңес құру арқылы бақылауды қамтамасыз ету тетігі қарастырылады, ол сол сияқты ҮЕҰ өкілдерінің қатысуымен диалогтік алаң болады.

– Медициналық қызметкерлер МӘлМС енгізуден нені алады?

– Денсаулық сақтау қызметкерлері МӘлМС енгізуден мынадай пайда мен артықшылықтар алады: еңбек нәтижесі бойынша ақы төлеу, ынталандыру пакеті, оның ішінде материалдық ынталандыру, әлеуметтік пакет, сыйақылар, бонустар, жұмыс беруші есебінен біліктілікті арттыру мүмкіндігі: медициналық техниканы жаңарту, жұмыс процестерін оңтайландыру және еңбек шартын жақсарту, жұмыс орнында оқыту, кәсіптік мобильділік.

Жандарыңыз жәннатта болғай

Адам өмірінде ата-ананың орны бөлек. Әкеміз Шегенбаев Жолай Маханбетұлы мен анамыз Шегенбаева Рәш Торғайқызы Абай ауылында туып-өсіп, жапырағын жайған мәуелі ұрпақтың ата-аналары. Ата-анамызды еске алғанда бар жүрегімізбен сағыныш әлеміне еніп кетеміз, жып-жылы жүректерден нәр алған тәтті балалыққа толы еркелікке қанған күндеріміз көз алдымызға келеді. Әкеміздің жылы мейірімімен қараған көзі ерекше тазалыққа тұнып тұратын. Отбасымызда әкеміздің бір дауыс көтергенін естімей өстік, жан-жағына жылуын сыйлап отыратын маңдайы ашық, жүрегі кең жан еді. Ал анамыз – асыл адам, отбасының ғана емес әулеттің, ағайын-туыстың анасы еді, мейірімді жүзі бүкіл әулетті жанына жинайтын. Өзі қандай аппақ болса, ішкі жан-дүниесі де тап-таза аппақ болатын. Ата-анамыз біздерге өз бойларындағы қарапайымдылық пен қанағатшылдықты, тазалықты үйрете отырып, барлығымызды мәпелеп өсірді, оқытты, жеткізді. Сол жақсы қасиеттерді ұрпағына аманат етіп, қайтпас сапарға аттанып кеткендеріне әкемізге үш жыл, анамызға 14 қаңтарда бір жыл болды. Ата-анаға деген сағыныш жыл артынан жыл өтсе де басылмайды екен. Ұрпағына ақ батасын беріп кеткен ата-анамыз туралы ұрпағының санасында жаңғыру үшін біз де немере-шөберелеріне ата-әжелері туралы әңгімелеп береміз. Адам ұрпағымен мың жасайды. Сіздердің жарқын бейнелеріңіз әрқашанда бізбен бірге.

Жандарыңыз жәннатта болғай, асыл әке, аяулы ана, жатқан жерлеріңіз жарық, топырақтарыңыз торқа болсын деген ізгі перзенттік тілекпен құран бағыштап еске аламыз.

Еске алушылар: балалары мен немерелері.

«Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшылығының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

№	Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Меңлібаев Еркебұлан Қайырбекұлы	басқарма басшысы	сәрсенбі, жұма 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1	60-54-96

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының мемлекеттік қызметшілерінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің әдеп қағидалары) талаптарын бұзу фактілері орын алған жағдайда 8 (7242) 60-54-96 «сенім телефонына» жүгінуге болатынын хабарлаймыз.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

Облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы облыс әкімінің орынбасары Ким Евгений Германовичке, оның туыстары мен жақындарына әкесі
Ким Герман Степановичтің
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

* * *

Облыстық Қоғамдық кеңес облыс әкімінің орынбасары Ким Евгений Германовичке әкесі
Ким Герман Степановичтің
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

* * *

Облыстық ардагерлер кеңесі облыс әкімінің орынбасары Ким Евгений Германовичке әкесі
Ким Герман Степановичтің
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

* * *

Облыстық құрылысшылар ассоциациясы облыс әкімінің орынбасары Ким Евгений Германовичке әкесі
Ким Герман Степановичтің
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

* * *

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Инженерлік Академиясының академигі Шалболова Үрпаш Жаниязқызына жұбайы, Қазақстанның құрметті құрылысшысы
Ким Герман Степановичтің
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

* * *

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ басшылығы облыс әкімінің орынбасары Ким Евгений Германовичке әкесі, Қазақстанның құрметті құрылысшысы
Ким Герман Степановичтің
дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.

* * *

Қызылорда облыстық гандбол федерациясының клубы және «Қайсар-ҚАМ-ҚМУ» қыздар командасы гандбол федерациясының президенті Ким Евгений Германовичке әкесі
Ким Герман Степановичтің
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

* * *

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы баспасөз саласының ардагері Қуаныш Мырзабаевқа зайыбы
Есімқұлова Күлжәмила Әйімбетқызының
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

* * *

Қызылорда облыстық мәслихаты IV және V шақырылымдағы облыстық мәслихатының депутаты Сейтханов Сабыр Тәуекелұлына әкесі
Сейтханұлы Тәуекелдің
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Балқытып әсем ән-күйлер, ширатты бойды конькилер

Қыс мезгіліндегі көрікті орын – мұз айдыны. Соңғы 3-4 жылдың көлемінде осындай демалыс орны біздің өңірде де есігін ашты. Бүгінде Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадион жанынан өтіп бара жатып, қызылордалықтардың желмен жарыса сырғанақ теуіп, көңіл сергіту үшін ағылатынын байқаймыз. Мұнда тұрғындардың демалысын қызықты өткізуі үшін қызмет ететін арнайы сервистік орындар ұйымдастырылған. Конькиді жалға беретін нүкте, бой жылытып, ас ішуге арналған шайхана да осында. Сырғанаушыларға алғашқы дәрігерлік көмекке даяр медициналық пункт пен көрерменге арналған жабық мінбе бар. Арнайы дүңгіршектерде аяғыңызға шақ конькиді іздеп әуреге түспейсіз, жалға алу құнын төлесеңіз болды, кез келген өлшемдегі коньки бір сағатқа сіздің меншігіңізде. Сөрелердегі конькилер сапалылығымен ерекшеленіп тұр. Мұз айдыны басшысының әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасары Жақыпбек Қали кешенге күнделікті сағат кешкі 7-ден 23:00-ге дейін 80 адам келетінін айтты. Конькиді жалға алу құны ересектерге – 900 теңге, егер өз конькиімен келсе, 700 теңге көлемінде. Балаларға – 600, өз конькиімен – 400 теңге. Зейнеткерлерге, спорт ардагерлеріне, студенттерге, балалар үйінің тәрбиеленушілері мен 7 жасқа дейінгі көпбалалалы отбасылардың балаларына жеңілдік қарастырылған.

– Қыраулы қыстың қызығы – шаңғы теуіп, конькимен сырғанау болғандықтан келушілер көп. Мейрам күндері 300-ден аса адам келеді. Айдынның тазалығын, қолайлы болуын үнемі қадағалауда ұстаймыз. Жаңадан келгендермен нұсқаушы жұмыс істейді. Шағын шайханада ыстық шай, самса, түрлі сусындар сатылады. Студенттерге жеңілдік жасаймыз. Егер топ болып келсе, шамамен 50 пайызға дейін жеңілдік бар, – деді Ж.Қали.

Коньки теуіп, көңіл сергітуде, саламатты өмір салтын ұстануда жерлестер белсенді. Айнадай жалтыраған алаңда ерсілі-қарсылы зулап жүр. Бірі құлап, енді бірі қол ұстасып не топтасып сырғануда. Соның ішінде көзіміз Аружан Дүйсенқалықызына ерекше түсті. Кішкене қыз құрбыларымен мұзда жарысып, еш қорқынышсыз сырғанайды. "Айдынның тұрақты келушісісің бе?" деген сауалға ол: "Бос уақытымның көбін осында өткіземін. Бұл – менің хоббим. Осында мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, хоккеймен айналысу үшін арнайы секциялар жұмыс істейді. Алдағы уақытта осы секцияның біріне жазыламын", – деп жауап берді.

Аружаннан бөлек, мұзда сырғанаған тағы ондаған адамның жүзінен көтеріңкі көңіл-күйді аңғардық. Осыған қарап келбеті келісті кешен жастардың қысқы спорт түрлеріне деген ынтасын айтарлықтай арттырды деуге болады.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
Суреттерді түсірген: Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.



РАНХиГС
Российская академия народного хозяйства и государственной службы при Президенте Российской Федерации

Корпоративтік Басқарудың Жоғары Мектебі

АЛҒАШ РЕТ РЕСЕЙЛІК МВА БАҒДАРЛАМАСЫ ҚЫЗЫЛОРДАДА

РФ Президенті жанындағы Халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет Ресей Академиясы Корпоративтік Басқарудың Жоғары Мектебі Қызылорда қаласында МВА бағдарламасы («Евроменеджмент – іскерлік басқару шебері») бойынша оқытуға топ жинақталуда.

«Евроменеджмент МВА» бағдарламасы халықаралық – АМБА –Association of MBAs(Ұлыбритания), ACBSP – The Accreditation Council for Business Schools and Programs (АҚШ) ассоциацияларында аккредиттелген және Франциядағы халықаралық Eduniversal рейтингіне енгізілген.

Бағдарлама GeneralMBA категориясына жатады, ол өз кезегінде бизнесті ұйымдастыру және басқару саласы бойынша жүйелі білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның келесі мамандықтары бар: Басқарушының кәсіби дағдылары, корпоративтік басқару және қаржы, маркетинг және сауда-саттық, инновациялық-технологиялық менеджмент.

МВА бағдарламасы бойынша оқу жұмыстан қол үзбей жүргізіледі:

Демалыс күндері – айына 1 рет 3 күннен (жұма-сенбі-жексенбі).

Оқу мерзімінің ұзақтығы – 20 айдан кем емес.

Байланыс тел: 8 (701) 716 89 97, 8 (701) 858 84 04, 8 (775) 405 92 35, 7 (495) 937 07 40.

E-mail:kyzylorda-business-school@mail.ru,
kalendzhyan-ao@ranepa.ru
www.emba.ranepa.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2017 жылдың 10 қаңтарындағы үйғарымымен «Зеленстрой» ЖШС-на (БИН 971 140 002 548) банкроттық рәсімін жүргізу бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

Барлық несие беруші және мүдделі тұлғалар мына мекенжайға хабарласуға болады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29 үй.

Бауыр гепатитіне, циррозға орын жоқ!

Алкоголь, бауыр майлануы (гепатоз), бауыр стеатозы, холецистит, вирусты гепатиттің қай түрі болса да ақырында бауыр беріштенуіне (бауыр циррозына) апарып соқтырады. Ал оның соңғы кезеңінің өмірге тікелей қауіп төндіретін бауыр обырынан (рак) ешқандай да айырмашылығы жоқ. Вирусты гепатит бауыр жасушаларының өзін-өзі бүлдіру механизмін іске қосады. Анық белгілері білінбейтіндіктен «жұмсақ жаналғыш» атанып кеткен XXI ғасырдың ауыр дерті – С гепатитін де қазіргі дәрілердің ешқайсысы және алмайды. Вирусты өлтіруге, дұрысы, оның белсенділігін басуға, ағзаның өзін-өзі қиратуына кедергі келтіруге тек адамның өз иммунитеті ғана қауқарлы. Дегенмен, С гепатиті иммунитетті, ағзаның қарсылығын әлсіретеді, сондықтан да оны бүгінде адамның иммундық тапшылығы вирусының (ВИЧ) «туысы» деп те атап жүр. Оның кесірінен ағзаның иммундық жүйесінің жұмысы бұзылады, табиғаттан берілген қорғаныс механизмі өз жасушаларына қарсы жұмыс істей бастайды.

Ал вирустық гепатитпен ауыратын әрбір адамның отбасы, балалары, мойнындағы міндеттері, болашаққа жоспары бар, сондықтан ағза әлсіреп, бауыр циррозының белгілері біліне бастағанда оған әрекетсіз берілмей, есті жиып, оған қарсы күресе білу керек.

«**RESERVE**» вирустың күшін азайту және бауыр құрылымын қалпына келтіру арқылы вирусқа қарсы жоғары иммундық қуатты арттырады.

Адам 70, 80, 90 жасқа дейін өмір сүргісі келетіні анық. Сау бауыр тамырлардың иілгіштігін, жүректің, ми жасушаларының қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді.

Зерттеу жұмыстары бауыры әлсіреген адамдардың бауыры қалпына келген адамдарға қарағанда бауыр обырымен ауыру қаупі жүз, тіпті мың есе артық екенін көрсеткен.

Өкініштісі, дәстүрлі медицина қанды тазартып, улануды ғана баса алады. Үздіксіз дәрігерге көрініп, сынамалар тапсыру аурудың асқынуын төмендетпейді, керісінше, оның ауыр формаларға ұласуына жол ашады. Бұл дәрігерлердің нашарлығынан емес, осындай ауыр дерттерді емдеудің заманауи тәсілдерінің жоқтығынан.

Бүгінгі күндері Сіздің денсаулығыңыз бен өміріңіз біздің қолымызда. Көмек бар, өздерін үмітсізбін деп санаған мыңдаған адамдар «**Reserve**» + «**Finiti**»+ «**PM**»-дің жәрдемімен жағдайларын жақсартты, қазір толыққанды, сапалы өмір сүруде.

«**Reserve+Finiti+PM**»-ді қолдану арқылы мына ауруларды алдын алуда жақсы нәтижелер анықталған: **А, В және С гепатиттері**, **майлы гепатоз, өт жолдарының дискинезиясы, панкреатит, холецистит, цирроз**. Сондай-ақ ол өзін химиялық терапиядан, сәулелік және радиотерапиядан өткен кезде науқастың ағзасын жағымсыз улану қаупінен қорғайтын кешенді препарат ретінде де жақсы көрсетті.

«**Reserve**» + «**Finiti**» + «**PM**» препараттары туралы қосымша анықтама, кеңес алу үшін мына байланыс телефонына хабарласуға болады: **8-701-026-80-55 (Асқар Тағабайұлы)**. Қазақстан бойынша жеткізіп беру тегін.

АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық- маркетингтік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр. Мониторингтің нәтижесінде бүгінгі күні ең арзан өнімдерді облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларынан алуға болатындығын хабарлаймыз.

Қызылорда. «**Дәмді**» әлеуметтік дүкендерінде күріш – 135, нан – 50, қант – 235, тұз – 45, арпа жармасы – 140, тары – 140, сары май – 450, өсімдік майы – 365, картоп – 85, сәбіз – 80, пияз – 50, 1 сұрыпты ұн 85 теңгеден сатылуда.

«Мирас» сауда үйінің аласында орналасқан қоймада картоп – 85-90, пияз – 45-50, сәбіз – 75-80, қырыққабат – 55-60, қызылша 100 теңгеден.

Арал. Арал қаласының жеке кәсіпкері С.Саяновтың «Саян ата», «Қуантқан» дүкендерінде картоп – 90, пияз – 50-60, сәбіз – 100-120, қырыққабат – 90, «Алтай» базарының жанындағы жеке кәсіпкер Р.Көшербаеваның дүкенінде картоп – 90, пияз – 60, сәбіз – 100, қырыққабат 80-90 теңгеден.

Қазалы. «Әлеуметтік сауда дүкені» қант – 230, сиыр еті – 1100, қой еті – 1100, күріш – 165, пияз – 60, картоп – 90, сәбіз – 90, жұмыртқа – 30, қарақұмық жармасы 350 теңгеден сатылуда. **«Фея перизат»** сауда үйінде қант – 250, қырыққабат – 80, пияз – 50, картоп – 90, сәбіз – 80, қызылша 100 теңгеден.

Қармақшы. «Сұлтан» сауда орталығы, «Орда» көтерме сауда орталығы және «Жандос» дүкендерінде картоп – 80-100, сәбіз – 100, жуа – 60, жұмыртқа – 30, 1 сұрыпты ұн – 84-90, нан – 60, тауық еті – 540, өсімдік майы 310-380 теңгеден. «Таңсықбай», «Бибіңұр» базарларында картоп – 80-100, жуа – 60, сәбіз – 100, қырыққабат 90 теңгеден.

Жалағаш. «Бәйтерек», «Жібек» базарларында өсімдік майы – 350, картоп – 100, сәбіз – 90, пияз – 50, ет – 1100, жұмыртқа – 29, қырыққабат – 70, «Ақниет», «Айдана» және «Қаракөз» дүкендерінде I сұрыпты бидай ұны – 87-96, нан – 55, жұмыртқа – 29, өсімдік майы – 350, пияз – 50, сәбіз – 90, картоп – 100, тауық еті – 550, қырыққабат 70 теңгеден.

Сырдария. «Өркен» және «Серікбол» дүкендерінде нан – 55, өсімдік майы – 360-380, қант – 240, картоп – 90-100, сәбіз – 90-100, пияз – 50-60, қырыққабат – 80, тауық еті – 520-550, жұмыртқа – 290-300, «Бақытжан», «Нұр» дүкендерінде жұмыртқа – 300-310, өсімдік майы – 400, қант – 250 теңгеден. «Коммуналдық» базарында нан – 55, өсімдік майы – 400, қант – 250, жұмыртқа – 30, I сұрыпты бидай ұны 85 теңге.

Шиелі. «Ә.Шорабаев» базарында картоп – 100, пияз – 50, сәбіз – 100, қырыққабат – 90, өсімдік майы – 350-390, қант – 240, жұмыртқа – 30, тауық еті – 550, ет – 1100, тұз 45 теңгеден. Сонымен қатар, I сұрыпты бидай ұны 98-100 теңге.

Жаңақорған. «Мағжан», «Заңғар», «Сырдария», «Кәусар», «Нұрәділ» және «Нұрасыл» дүкендерінде 1 сұрыпты ұн – 88-96, нан – 50-65, өсімдік майы – 310-370, картоп – 100, пияз – 40-50, сәбіз – 80-100, қырыққабат – 70-80, тауық еті – 480-540, жұмыртқа – 260-270, ет – 1100-1200, «Нұр» базарында I сұрыпты ұн – 96-100, бірінші сорттан жасалған нан – 70, өсімдік майы – 310-380, жұмыртқа – 280, тауық еті – 500-530, ет – 1100-1200, жуа – 50, сәбіз – 100, қырыққабат – 90, картоп 110 теңгеден сатылуда.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Беркімбай Дархан Сәкенұлының атына Қызылорда қаласындағы «Отан» Республикалық Қоғамдық бірлестігінен 30.07.2016 жылы «ВС 1» категориясына берілген «Отан» РҚБ ВС1 №0011129 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

* * *

Ахметов Бағлан Бахытжанұлының атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Ә.Тәжібаев көшесі №44 үйге берілген жер учаскесіне меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісінің (кадастрлық №10-153-002-335, №0005957) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

* * *

Байжанов Жанарыс Абдрахмановичтің атына Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Тұрмағанбет ауылындағы Т.Ізтілеуов атындағы №29 қазақ орта мектебін 17.06.2003 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ 1002862 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қызылорда облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі, негізгі жұмыскердің 2019 жылғы 12 тамызға дейін бала күтімі бойынша демалыста болуына байланысты, Әкімшілік-құқықтық бөлімінің бас маманы-зангер (С-О-5 санаты, 1 бірлік) «Б» корпусының уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға жалпы конкурс жариялайды.

Толық мәліметтер: kyzmet.gov.kz және anticorruption.gov.kz сайттарында.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17
Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарнамалардағы түпнұсқалы мәліметтің көзқарасын білдірмейді. "АК"-ақпы қызмет.
Газет редакциясын компьютер орталығында қаттаған, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 8(7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А"

Таралымы 29270
Тапсырыс № 39